



ISSN 1999-5911 (Print)
ISSN 2960-2173 (Online)

ӘЛ-ФАРАБИ

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖУРНАЛЫ

№ 2 (90) 2025 ж.

AL-FARABI
JOURNAL OF SOCIO-
HUMANITARIAN STUDIES

ҚР ҒЖБМ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
ШЖҚ РМК «ФИЛОСОФИЯ,
САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ
ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ»

Мерзімді баспасөз басылым-
дарын және (немесе) ақпарат
агенттіктерін есепке алу туралы
куәлік № 13403-Ж 22.02.2013 ж.

Журнал ҚР ҒБМ Білім және
ғылым саласындағы бақылау
комитетінің философия және сая-
си ғылымдары бойынша негізгі
ғылыми нәтижелерін жариялай-
тын ғылыми басылымдар тізіміне
енгізілген. (Комитет бұйрығы
05.07.2013 ж. №1033; Комитет
бұйрығы 20.08.2013 ж. № 1201).

2003 ж. шығарыла бастады
Жазылу көрсеткіші – 74671

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ – КАЗАХСКАЯ ФИЛОСОФИЯ В ПОТОКЕ ИСТОРИИ

Тайжсенбетова А.Б., Нұрышева Г.Ж.

«Алаш» ұлттық идеясы және XX ғасыр басындағы
қазақ қоғамындағы саяси-философиялық ойдың
басты бағыттары.....3

Наби Ә.Ж., Абжалов С.У., Нұрматов Ж.Е., Рыскиева А.Ә.

Дәстүрлі қазақ дүниетанымындағы «әулие» феномені
және сакральдық құндылықтар мәселесі.....18

Қанағатов М.Қ., Құлыбек Б.Ә.

Сананың трансформациясы және түркілік мәдениет:
шамандық онтология мен рухани сабақтастық.....31

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ РЕТРОСПЕКТИВАДАҒЫ ФИЛОСОФИЯ – ФИЛОСОФИЯ В НАСТОЯЩЕМ И ИСТОРИЧЕСКОЙ РЕТРОСПЕКТИВЕ

Amatayakul S., Kulsariyeva A., Sagi Ye.

Values and Value Orientations.....43

Syrgakbayeva A., Rushanova N., Madaliev Zh.

The Phenomenon of «Ignorance» in the History of World
Philosophy.....54

Есболова М.А., Өмірбекова А.О.

Қазіргі мәдени туризмнің философиялық
аспектілері.....65

Lifanov S., Lifanova T., Verevkin A, Moldagaliyeva A.

Virtual Reality and the Limits of Interpretation:
a Philosophical Approach.....76

© Философия, саясаттану және дінтану институты
050010, Алматы, Шевченко көшесі, 28, www.alfarabijournal.org

© Filosofia, saiasattanu jäne dıntanu institutuy
050010, Almaty, Şevchenko köşesi, 28, www.alfarabijournal.org



АЛ-ФАРАБИ

ЖУРНАЛ СОЦИОГУМАНИТАРНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ

РГП на ПХВ «ИНСТИТУТ
ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ
И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ»
КОМИТЕТА НАУКИ
МНВО РК

Свидетельство о постановке
на учет периодического
издания и (или)
информационного агентства
№13403-Ж от 22.02.2013 г.

Журнал включен в перечень
научных изданий, рекомендуемых
Комитетом по контролю в сфере
образования и науки МНВО РК для
публикации основных результатов
научной деятельности по философ-
ским и политическим наукам
(приказ Комитета от 05.07.2013 г.
№ 1033; приказ Комитета от
20.08.2013 г. № 1201).

Издается с 2003 г.

Подписной индекс – 74671

АЛ-ФАРАБИ

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖУРНАЛЫ

№ 2 (90) 2025 г.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ КОНТЕКСТЕРІНДЕГІ ДІН – РЕЛИГИЯ В СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ КОНТЕКСТАХ СОВРЕМЕННОСТИ

Хафиз ЕҚ., Құсбеков Д.К., Ахметова Г.Е.

Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік дамуындағы
«діндарлық» түсінігі.....88

Әбдилдин Ж.М., Мұстафина Т.В.

Діни трансформация философиясы: «қорқыныштан»
қиянатсыз тәжірибелерге өту.....100

Косиченко А.Г.

Отношение христианских конфессий
к цифровизации.....115

Борбасова Қ.М., Мұқан Ә., Мұқан Н., Аманқұл Т.

Діннің интегративті және дезинтегративті қызметінің
теориялық аспектілері: феноменологиялық талдау..128

Карибаев О.О., Симтиков Ж.Қ.

Исламдағы әлеуметтік жауапкершілік пен әділеттілік
мәселелерінің ерекшеліктері142

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ: БІРЕГЕЙЛІК. ЖАҢҒЫРТУ. БОЛАШАҚ – СОВРЕМЕННОЕ ОБЩЕСТВО: ИДЕНТИЧНОСТЬ. МОДЕРНИЗАЦИЯ. БУДУЩЕЕ

Шоманов А.Ж.

Возможности использования цифровых технологий
в государственном управлении различными сферами
общественных отношений157.

Our authors.....170

Content.....174

© Философия, саясаттану және дінтану институты
050010, Алматы, Шевченко көшесі, 28 www.alfarabijournal.org

© Filosofia, saiasattanu және dıntanu instituty
050010, Almaty, Şevchenko köşesi, 28, www.alfarabijournal.org

«АЛАШ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ САЯСИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙДЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ

¹Тайженбетова А.Б. *, ²Нұрышева Г.Ж.

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

¹aigul.bizhanovna@mail.ru, ²gulzhikhan-nurysheva@yandex.kz

¹Taizhenbetova A. *, ²Nurysheva G.

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

¹aigul.bizhanovna@mail.ru, ²gulzhikhan-nurysheva@yandex.kz

Аңдатпа. Мақалада XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қазақ интеллигенциясының қоғамдық-саяси, мәдени-рухани мұрасы саяси-философиялық ойдың бір бағыты ретінде қарастырылып, талданады. Қазақ интеллигенттерінің қоғамдық сананы заман талабына қарай бейімдеу мен жаңғырту жолында қалыптастырған ұлттық-идеологиялық жұмыстары зерделенеді. Мәселен, «Алаш» сөзі саяси қозғалысқа берілген жалқы атау ғана емес, оның философиялық маңызына, астарына үңілу арқылы терең мазмұнын ашуға қадам жасалды. Сол секілді, өткен ғасырдағы Түркістан Республикасын құру бастамалары мен жүзеге асыру процестері қазақ интеллигенттерінің пайым-толғаныстарының жемісі тұрғысынан тұжырымдалып, зиялы қауымның саяси-философиялық ойының даму эволюциясы ретіндегі маңызына назар аударылды. Сондай-ақ, социализм идеологиясын қабылдаған қазақ интеллигенциясының пайымдары, социалистік дүниетанымының ел алдындағы тарихи рөлі сараланды. Қазақ интеллигенттері арасынан идеяға арқау болған тұлғалардың идеяны өндіруші роліне маңыз беріліп, ой-тұжырымдардың таралуымен қатар олардың қызмет жолы мен ой-толғамдарын жалпыландыруға тырыстық. Сонымен бірге, өткен ғасырдағы бірнеше саяси-философиялық ойдың дамуы қазақ қоғамындағы саяси плюрализм ерекшеліктерін көрсетіп берді. Тақырыпты зерделеу арқылы XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси процестер қарама-қарсы күштердің, топтардың күрестерінен ғана тұрмағандығын, алдымен мақсатты көзқарастар мен идеялар жүйесінің текетіресі болғандығына көз жеткізілді. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы саяси-философиялық ойдың даму үрдістерін зерттей отырып оларды бүгінгі Тәуелсіз Қазақстандағы қоғамдық-саяси оймен сабақтастырып отырдық.

Түйін сөздер: Алаш, ұлттық идея, Түркістан Республикасы, саяси-философиялық ой, қазақ интеллигенциясы, социализм, қоғамдық-саяси процестер, саяси жүйелер.

Kіpіcne

XX ғасыр басында саяси режимдердің бір кезеңнен екіншісіне өтіп, қоғамдық өмір күрделі өзгерістерді өткеріп жатқанда қазақ интеллигенциясының

көзқарастар жүйесіде саяси-философиялық, идеологиялық-қондырмалық, әлеуметтік-экономикалық ұстанымдар мен тұжырымдамалардың жүйесінен тұратын бірнеше бағыттарда көрініс таба бастады. Барлығыда мемлекетшілдік, ұлттық сипатта болса да, мемлекеттік басқару жүйесі үшін идеологиялық қондырма қандай болуы қажет, қазақ қоғамы қандай саяси тәртіпте өмір сүруі керек деген мәселелерде көзқарастары бір-бірінен айрықшаланды. Осы кезеңде қазақ интеллигенттерінің таным-тандауына, саяси-философиялық көзқарастар жүйесіне қарап қоғамда үш үлкен саяси-философиялық бағыттың қалыптасқандығын айтуға болады. Біріншісі, рухы ұлттық, сипаты батыстық өмір-салт элементтерінен тұратын ұлттық «Алаш» автономиясын құруды басты мақсат ретінде ұстаған ұлттық-демократтар мектебі болса (*жетекшілері Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және т.б.*), екіншісі, қазақ қоғамының бақытсыздық, кедейлік, надандық тұсауынан шыға алмауын феодалдық қатынастармен байланыстырған, оның жойылуын мақсат еткен, таптардың теңдігі тұжырымына иек артқан социализмді жақтаушылардың тобынан тұрды (*өкілдері Т. Рысқұлов, С. Сейфуллин және т.б.*). Үшіншісі, түркі халықтарының бірлігін, мемлекеттік құрылыстың федерациялық форма түрінде құрылуын мақсат еткен, түркілердің саяси қауымдастығын қайта қалпына келтіруге тырысқан Түркістан мемлекетін құрушылар (*жетекшісі М. Шоқай және т.б.*). Үшінші топ өкілдерінің дені демократиялық принциптерді жақтаушылар болғандықтан қоғамдық-саяси қызметі «алаштықтармен» бір арнада дамып, бірнеше жерде байланысып отырды. Бұл бағыттар, XX ғасыр басында Қазақстандағы саяси-философиялық ойдың даму желісін, бағытын көруге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси процестерді саяси-философиялық ойдың даму нәтижелері тұрғысынан қарастырғандықтан зерттеуге қатысы бар мәтіндер, қазақ интеллигенциясының саяси ойлары мен ұстанымдары терең пайымдауды, астарына үңілуді қажет етті. Сондай-ақ, аталған кезеңдегі қолданыстағы саяси ұғымдар жиынтығындағы жекелеген атаулардың этимологиясына философиялық талдауға ұмтылыс жасалды. Тұжырымдамалар саяси-философиялық ойлар контекстінде қарастырылғандықтан, тарихи деректердің хронологиясына емес, олардағы ойдың даму логикасына, оқиғаның әлеуметтік-саяси себептеріне, философиялық мазмұнына, ұлттық рухты қалыптастыру мен оятудағы маңыздылығына, мән берілді. Сол себепті өткен ғасырдағы тарихи оқиғалардың үрдісі қандай да бір ойдың даму желісі ретінде түсіндіріліп, саяси-философиялық ойдың біртұтас сипатын жасауға талпындық.

Мақалада тарихи-салыстырмалы талдау, логикалық бірізділік, философиялық талдау, шолу түріндегі әдіс-тәсілдер қолданылды.

XX ғасыр басындағы қазақ даласындағы саяси-философиялық ойдың даму тенденциялары

Мемлекет құрылысына қатысты қазақ интеллигенциясының іс-әрекеттері бізді өткен ғасырдағы Қазақстанның саяси өміріндегі талас-тартыстар мен

күрестердің, философиялық дилеммалардың қандай арналарда дамығаны туралы ойға жетелейді. Саяси және философиялық ой-өрістің көлемі мен деңгейіне назар аударсақ олардың қай-қайсыда сауатты, мазмұнды және ұлттық рухқа толы. Әр идеяның астында өзіндік шындығы, өмірге үйлесетін ақиқаты, қисыны бар. Оларға зерттеу жасай отырып, тарих ұсынған қысқа ғана кезеңде қазақ интеллигенттерінің мемлекеттілік идеясы үшін жойқын қарсы күшке төтеп бере отырып, өз идеяларын қорғауға, оның жүзеге асуы үшін саясат майданында аянбай күрескендігін, өздері пайымдаушы және оны жүзеге асырушылар екендігін көреміз.

Аталған топтардың ортақ жақтары халық ағарту ісімен шұғылданып, ұлттық мүддені жоғары қойғаны. Ел мен жерге қатынасына және жалпы мазмұнына қарай оларды ұлттық патриоттар мен социал патриоттар және «тұраншылар» немесе «түркістаншылар» деп жіктей аламыз. Ұлттық патриоттар отанды ешбір субъектпен бірлікте қарастырмайды, оны жеке-дара, тұтас бір дене ретінде, әлеуметтік-таптық белгілері бойынша бөліп-жармастан қабылдайды. Қазақстанның бүгінгі мемлекеттікегемендігі, нақтышегенделген шекараларының мызғымастығы, бір-бірінен бөлінбестігі теориясы осы кезде айтылып, көтеріле бастайды. Алаштықтар ұлттың тілі, діні, ділін және басқа да рухани құндылықтарын сақтау жолында еңбек етіп, қандай да бір мәдени экспансияға, саяси отаршылдыққа қарсы күрес жүргізеді. Сол себепті, ұлттық патриоттардың мақсат, жоспары бірнеше жылдар бойына тәуелсіздік үшін патшалық Ресей империясына қарсы күрес жүргізген бабалардың арман-аңсарымен үндесіп жатса, Тәуелсіз Қазақстанның дербестігіне қол жеткізген бүгінгі ұрпақтың ұстанымымен сабақтасып байланысқан. Олай болса, алаштықтар егемендік үшін күресуші буын ғана емес, олар тәуелсіздік идеясының байрағын өткен мен келешек арасында жалғаушылар деп бағалай кеткен жөн. Бүгінгі күні Алаш мұрасына қызығушылықтың артуын тәуелсіздіктің құнын бағалаушылардың санының артуымен байланыстырып қарастыруға болады деп ойлаймыз.

Социализм идеологиясын қолдаушылар таптық біріктіру тұрғысынан қарап, әділдік, еркіндік, теңгерімділік индивидтер арасында экономикалық теңдік орнағанда ғана пайда болады деп пайымдады. Қазақ қоғамында ұзақ жылдар бойы орныққан феодалдық-капиталистік қатынастардың тек зардаптарын қарастырып, оларды қоғамның төменгі табына қатысты коммуникацияны шектеу, шеттету формасында жүзеге асырылды деп санағандықтан, социализм ұсынған теңдік бұл екінші топтың көзқарасымен сәйкесіп жатты. Социал патриоттар Қазақстанды социалистік республикалар бірлестігі құрамында көрді және социализм идеалдарына сене отырып оны орнату, құру ісіне белсенді тартылды. Большевиктердің ұлттардың теңдігі, мәдени дамудың теңгерімділігі уәдесіне сенім артып, Қазақстан басқа да кеңестік республикалар секілді КСРО құрамында биік өркениеттілікке қол жеткізеді деп пайымдап, «халықтар достығы» ұранын жырлайды. Мысалы, Сәкен Сейфуллиннің «Советстан» өлеңі ақынның социализмге қарым-қатынасын анықтайды. Алайда социализм идеясын ұстанушылар кейінірек ұлттың кеңестер құрамында жұтылып кетуінен қауіптеніп, кейбір жерлерде социалистік риторикасы ұлттыққа ауысып отырған. Ескере кететіні, қазақ интеллигенциясының социализмді қолдаушылар тобының басым көпшілігінің әлеуметтік-экономикалық негізі төменгі таптан шыққан

азаматтардан тұрды. Бұл олардың социализм идеологиясын оң қабылдауына әсер еткен негізгі фактор деп қарастыруымыз керек.

Үлкен Түркістан идеясының төңірегіне шоғырланғандар орыс отаршылдығына этникалық және рухани негіздері бір түрік жұрты болып қарсылық білдіру керек деп тұжырымдады. Мұндай идеяның бастауында ескі түркі тарихындағы Қытайға қарсы әскери теңгерімділікке қол жеткізуге ұмтылған біріккен түрік қағанаттарының тарихи тәжірибесі тұрған болу керек деп ойлаймыз. Шындығында, бірнеше жылдарға созылған отаршылық езгіден зардап шеккен түркі халықтары рухани-моральдық, экономикалық тұрғыда әлсіреген еді. Сол себепті, Үлкен Түркістан идеясының өмірге келуінің өзі негізсіз емес. Сол кездің өзінде халық арасында дін өкілдерінің қарсылықтарының артуы, түркі халықтарының арасынан шыққан саяси қайраткерлердің бірлесе қызмет атқаруы Түркістан мемлекетін құру идеясын күшейте түскен болуы керек. Үлкен Түркістан алып империализмге қарсы теңгерімді саяси және әскери күш, тәуелсіздікке тек түрік мемлекеттерінің одағы арқылы жетуге болады деген пайым-түсінік негізінде дүниеге келді деп ойлаймыз. Түркістан мемлекетінің құрылысы унитарлы мемлекет формасында емес, түркі халықтарының одағы ретінде ғана өмір сүруі мүмкін еді.

XX ғасыр басында қазақ интеллигенциясының арасынан қызмет жолымен ерекшеленген тағы бір топты байқауға болады. Өмірлік ұстанымдарын, саяси көзқарастарын дер кезінде өзгерте білген бұл оқымыстылар алғашында ұлттық патриоттар қатарынан табылып, қалыптасу шағын өткереді де, таным-көкжиегі кеңейіп, тараптардың теңгерімсіздігі, тарихи үдерістерге қарай екінші тарап социал патриоттар лагеріне өткендер болды. Қазақ интеллигенциясын осылай жіктеу арқылы олардың дүниетанымын, күрескерлік ерік-жігерін, азаматтық позицияларын, саяси-философиялық пайымдарының бір-бірінен қаншалықты ерекшеленгендігін көрсете аламыз. Сондай-ақ, мұндай икемділік олардың кәсіби саясаткерлік қырында аша түседі.

XX ғасыр басындағы саяси-философиялық ойдың даму бағыттарын қысқаша жіктей келе Ә. Бөкейхан бастаған қазақ интеллигенттерінің саяси-философиялық, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени идеялар жүйесін білдірген, бір платформаға сыйғызған, топтастырған «Алаш» атауының қолданысы, оның бір ғана атау өлшемінен шығып, толық бір саяси бағыттың синониміне айналу онтологиясы қызықтырады.

Жалпы XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси идеялар қазақ халқының өткен тарихымен тамырласып жатқандығын аңғаруға болады. Себебі, өткен ғасырдағы интеллигенция өкілдерінің идеологиялық қондырмаларды анықтауында, әзірлеуінде халық өміріндегі озық үлгілер, дәстүрлер негізге алына отырып жасалынды деп пайымдаймыз. Осы тұста, олардың жақсы тарихшылар болғандығын атап өту маңызды. Кез-келген оқушы олардың шығармашылығынан қазақ елінің тарихына қатысты мәтіндерді, өлең жолдарын оңай таба алады. Қазақ интеллигенттерінің ойлау жүйесіндегі бұл ерекшеліктері қоғамдық-саяси қызметінде жарыққа шығып, білініп отырды. Саяси қозғалысты құрушылардың өзіндік құндылықтар жүйесінің біртұтас платформасын айшықтаған «Алаш» тарихи атауын жұртшылықтың қабылдауының өзі алдымен олардың тарихи жадына қозғау саларлық қуатқа ие болғандығынан деп санаймыз.

«Алаш» ұлттық идеясы

Қазақ халқының қоршаған ортаны қабылдау, болмысты пайымдауы тарихқа, ата-баба дәстүріне адалдықтан тұратындығын, мүлт етпестігін аңғарған қазақ зиялылары саяси қозғалысының атауын тарихи негізде шақырушы, ұран мәнін білдіретін «Алаш» деп қоюы халықтың осы ерекшелігін жете түсінгендігінен деп білуіміз керек. Қазақ тарихында мемлекеттілікке зиян келтіріп, оны іштен әлсіреткен факторлардың негізгісі халық жадында әр уақытта жаңғырып отыратын рушылдық санасы Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси миссиясына кедергі келтірген, оны жүзеге асыру жолын қиындатқан мәселелердің бірі болды. Қазақ автономиялы республикасын құру тек саяси ұйымдастырушылық іс-қимылдарын ғана талап етпей, халықтың ортақ идея төңірегіне бірігуін қажет етті. Қазақ қоғамында рушылдық сананың мемлекетшілдіктен жоғары түсетін кездері аз емес. Оны қуаттап отыратын салт-дәстүр, жөн-жоралғылардың күнделікті тұрмысқа мықтап орныққаны сонша, рулық-тайпалық намыс жанжалдарға, қақтығыстарға әкелетін. XX ғасырдың басында елді рушылдық санадан жоғары, ұлттық деңгейде ұйымдаса алатындай мәнге ие идеологиялық қондырма іздестіріледі. Осы мәтіннен соң қазақ интеллигенттері оның жауабын қайдан іздеді деген сауалымызға оңай жауап бере аласыз. Әрине тарихтан іздеді. Қазақтардың тарихтың мүлт етпестігі қағидасына адалдығын қазақ оқымыстылары жақсы пайдалана білді. Ұлттық деңгейден жоғары, бір кездері толық бір ұлысты тану үшін қолданған «Алаш» атауы идея ретінде бекер тандалған жоқ.

«Алаш» сөзінің этимологиясына қатысты академиялық ортада әртүрлі тарихи деректер мен тарихшы-әдебиетші мамандардың көптеген пікірлерін кезіктіруге болады. Олардың ішінде жан-жақты талданған, кең түсіндірме берілген нұсқаларында көреміз, керісінше аңыз-әпсанаға жақын, мән-маңызы айқын еместері де бар. Дегенмен, солардың барлығының түбінде бір ақиқаттың бар екендігін, олардың мазмұндарына қарап бір қойнауға жетіліп, түзілгендігін аңғара аламыз. Берілген түсініктемелерді талдайтын болсақ, бірінші мағынасында адам аты толық бір ұлысқа атау болып таңылады. М.Х. Дулати (1499-1551), В.В. Радлов (1837-1918), П.И. Рычков (1712-1777), А.И. Левшин (1798—1879), Ш. Уәлиханов (1835-1865), Ш. Құдайбердіұлы (1858-1931) және басқаларының жазбалары осыған саяды. Алаш, Алаша, Алшынның хан, батыр болғандығы, оның тұсында барлық түркі тайпалары, басқа нұсқада қазақ тайпаларының бірлігі бекем, әскери қуатының зор болғандығы айтылады. Екінші мағынасында күрделі сөз жасам, буындардың ықпалынан шыққан сөз туындысы ретінде қарастырылады [1].

Бірінші нұсқаны жеткізушілердің ертеректе өмір сүргендігін назарға ала отырып ол жазбаларды ақиқатқа бір табан жақын деп қабылдау қиындырақ. Әсіресе орыс тарихшысы П.И. Рычковтың «Нұх пайғамбардың Яфет деген баласынан Түрік туады. Оның бесінші ұрпағы Аламзя (Алаша) хан болған. Одан моңғол-татар тарайды. Екеуі бір халық болған. Өзара ұрыс-керістің нәтижесінде Өгіз ханның кезінде бөлініп кеткен. Шыңғыс хан ғана оларды қайта біріктірген» [2] - деген пікірі назарға алуға тұрарлық.

Жинақталған анықтама, ережелерден түркі халықтарының ортақ тарих, ортақ кеңістік, ортақ географиялық алаңда өмір сүріп отырған кезеңдеріндегі

тұтастығын білдіретін халықтық атауы «Алаш» болған деген ортақ түсінік теория деңгейіне көтерілген деуге болады. Мәселен «Айбын» энциклопедиясында «Алаш (ежелгі түрік сөзі - бауырластар, қандастар, туыстар) – көне заманда түрік халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым. Ортағасырлық және одан ерте кезеңдегі деректерде қазақтың өз алдына ел болып хандық құрғанға дейінгі ежелгі тайпаларының ортақ атауы [3, 55 б.] – деп түсіндірме береді.

Алаш қайраткерлері де бұл этноним төңірегінде ойларын ортаға салып, тарихқа шолу жасаған. Әлихан Бөкейханов былай дейді: «Қалмақты шаба берген соң қалмақтар Ахметханды Алашы қойыпты. Мағынасы – хан Алаш дегені. Оны естіген соң Ахмет хан: қалмақ бұл атты қорыққан соң қойды, енді шапқанда Алашылап шабыңдар деген соң қазақтар: «Алаш» деп шауып, сол қазаққа ұран болыпты [4, 332-333 бб.].

Ә. Бөкейхановтың «Қазақ» газетіне жазған мақаласын қарасақ ол жерде «Алаш» атауының мағынасын аша түсуді әрі қарай жалғастырады: Қазақтың «Алаш» атанған хиджретден (Мұхаммед Әлейх ас-Саламның Меккеден көшіп Мәдинеге барып кірген күнінен – т.б.) алты жүз жыл өткен соң, Шыңғыс хан тұсында болды. Шыңғыс хан бүкіл мемлекетін төрт баласына бөліп бергенде, Дешті қыпшақты, Сібірдің күн батыс жағын, осы күнгі Сарыарқаны, Еділ-Жайық өлкесін үлкен баласы Жошыға беріп еді. Ол күнде Жошы ұлысына қараған алты рулы ел бар еді. Сол алты рудың һәр қайсысына бөлек Шыңғыс алты ұран береді: һәр руға өзіне бөлек таңба, ағаш, қос береді. Сол күнде бүкіл Жошы ұлысының ұраны «Алаш» болыпты. Жошы ұлысында алты ру болғандықтан «Алты Алаш» болады. «Алаш» деген сөздің лұғат мағынасы: «отан кісі» («отечественник» – т.б.) деген сөз болады.

Сол күнде Жошы ханға «Алаш» деп лақап қойылды. «Алашы – алаштың басшысы» («голова отечества» – т.б.) мағынасында болады. Қазақтың «Алаш Алаш болғанда; Алаш хан болғанда» деген ескі сөзі сонан қалған [5].

Әлихан Бөкейхановтың «Алаш» атауына байланысты «Қазақ» газетінде жарық көрген мақаласында басымдық беріліп тұрған нұсқа мен орыс тарихшысы П.И. Рычковтың көзқарастары жақын деуге болады. Біздің ойымызшада ерте түрік қағанаты заманында «Алаш» атауы кезікпейді, оны отандық тарихшыларда құптап отыр. «Алаш» атауының Шыңғыс хан дәуірінен соң қолданысқа түсе бастағанын жоғарыдағы деректер дәйектей түседі.

Сонымен, қазақ интеллигенттерінің ішіндегі ұлттық-демократтардың саяси қозғалыс атауына ерекше ден қойғаны Әлихан Бөкейхан болып отыр. Оның партияның лидері ретіндегі бұл іс-әрекеті қисынды да. Партия жетекшісінің зерттеулеріне қарап қазақ қоғамын әрі қарай ықпалдасуына оң әсерін тигізе алатын саяси-философиялық мазмұн іздегендігін тұспалдауға болады. Себебі «Алаш» ұлттық идеясының дүниеге келуі қазақ интеллигенттерінің қоғамдық-саяси қызметімен байланысты саяси-философиялық ойларының тұжырымдамасы, тарихи пайымының нәтижесі ретінде көрініс тапты. «Алаш» атауының «Алаш» саяси партиясы мен «Алашорда» үкіметінің атына таңылуынан келесі құндылықтарды тарқатып көрейік. Біріншіден, «Алаш» барлық қазаққа ортақ ұғым, барлық рулардың намысы мен жігеріне қозғау салатын, бір кездегі түркілердің құдыреті мен ұлылығын халықтың жадында жаңғырта

алатын қуатты атау. Екіншіден, интеллигенция өкілдерінің қазақтың әруақты, арқалы ұраны «Алашты» саяси қозғалысының атауы етіп тағайындағандағы мақсатының бірі көпшілік үшін ортақ құндылықтар тасымалдайтын атауды жұртшылыққа оңай қабылдату, солай саяси қозғалыстың мәртебесін көтеру еді. Үшіншіден, мемлекеттің қалыптасу жолында ішкі интеграцияны күшейтетін, рушылдықты мемлекеттік санаға ауыстыру бастамалары көзделген болу керек. Соңғысы бүгінде өзектілігін жоймай отыр және ол кеңістіктің орнын толтыратын құндылықтар жүйесі әлі де ұсынылмады деуге болады.

Тарихи және ауызекі әдебиетіндегі деректерде «алты алаш», «алты сан алаш» деген сөз тіркестері кездеседі. Шежірелердің бірінде «Алашқа» өзбек, түрікмен, қарақалпақ, қырғыз, қазақ, ноғайды жатқызады [6]. Сөзсіз, «алаш» бірнеше түркі тайпаларын жинақтап, толық бір ұлысты атау үшін қолданылды деген жорамал жасауға болады. Сондай-ақ, бірнеше авторлар өз еңбектерінде «Алаш» сөзін «қазақ» атауының орнына қолданады. Дегенмен, «Алаш» партиясының бағдарламасында қандай да бір түрік республикаларын бірлестігін құру туралы ой айтылмайды. Сондықтан, қазақ интеллигенттерінің «Алашы» қазақ халқының ұйымдасып біртұтас ел болуын көздеген ұғым орнына қолданылып отыр деп санаймыз.

Өрі қарай, «Алаш» ұлттық идеясы қазақ интеллигенциясын қанша уақыттан бері толғандырды деген сауал туындайды. Олардың қоғамдық-саяси іс-қимылдарының тұжырымдалған көрінісі 1905 жылғы Қарқаралы петициясынан бастау алады деп есептесек, алаштықтар саяси-философиялық ой-пайымдарына қандай да бір форма беру ісімен ертеден қамданған деген ойға келеміз. Патша үкіметінде қызмет атқарған Барлыбек Сырттановтың өмірінің соңғы бөлігінде Әлихан Бөкейхановпен кездескендігі, олардың елдің өміріне байланысты пікір алысқандығы, ойларымен бөліскендігі туралы деректер келтіріледі. Барлыбек Сырттановқа Ресей империясының басқыншылық саясаты ұнамағаны белгілі. Бұл белгілі бір деңгейде оның қоғамдық қызметіне әсер етеді. «1910-1914 жылдары «Айқап» журналына «С.Б. Алашинский» деген бүркеншек атпен озық ойлы материалдарын шығарып тұрған. Ал осының бірден-бір айғағы ретінде 1910-1913 жылдар аралығында құпия түрде қазақ өлкесін Ресейдің ішкі отарынан шығарып, тәуелсіз Республика мәртебесі бар мемлекет құрудың бас құжаты ретінде «Қазақ елінің Уставын» жазады, жарғының соңында, 13 июнь, 1911 жыл С. Петербург. С.Б. Алашинский деп қолы қойылған» [7]. Көріп тұрғанымыздай, «Алаш» атауы алғаш рет 1910 жылдан бастап қазақ интеллигенті Б. Сырттановтың бүркеншек аты арқылы естіледі. Кейін 1913 жылы Қазақ газетінде «Алаш» тақырыбына байланысты Әлихан Бөкейхановтың зерттеу мақаласы жарық көреді. Алайда қандай да бір саясатқа сілтеме жасамастан, тарихи тақырыпты терең зерттеу дұрыс болып көрінеді. Осы кезеңдерді «Алаш» ұлттық идеясының кемелдену шағы деп белгілеуге болады. Егемендік алу мен саяси қозғалыс туралы ойлар жетіле келе өзінің саяси платформасын орнықтыру үшін тарихтан ыңғайлы бір сәтті күткендей. Ол сәт самодержавие құлап, орнына жаңа уақытша үкімет орнаған шақпен тұспа-тұс келеді. Қазақ интеллигенттерінің 1917 жылы бірден саяси қозғалыстарын жариялап, саяси аренаға тиянақты, жинақы ұйым ретінде шығуы олардың пісіп-жетілген саяси-философиялық ойының нәтижесі деп білеміз.

Мұстафа Шоқай және Түркістан идеясы

XX ғасыр басындағы Қазақстанда пайда болған саяси-философиялық ой бағыттарының бірі Түркістан автономиялық республикасын құру бастамасы болды. Мазмұндық жағынан алғанда бұл «Алаш» ұлттық идеясымен тамырлас, бір қайнардан өсіп-жетілген ой секілді болып көрінеді. Жоғарыда тоқталғанымыздай, «Алаш» атауының түсінігі бірнеше түрік тайпаларын ұлыстық деңгейге көтерген ұғым ретінде баяндалады. Сондықтан тарихта бірнеше жүз жылдарға созылған түріктердің Орталық Азиядағы халықаралық қатынастардың күн тәртібін белгілеуден бастап геосаясаттың бағыт-бағдарын айқындаушылық ролі сақталып келген уақыттағы атаудың қайта жаңғырып, оның алаңында Түркістан автономиялық республикасын құру идеясының жандану мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Алаш саяси қозғалысы мен Түркістан автономиялық республикасын құрушы лидерлердің арасындағы жақын байланыстар мен келісімдер, екі ұйымның да бір уақыт арасында саясат сахнасына келуі осылай пайымдауымызға жол ашып отыр. Алаш автономды республикасы Түркістан автономды республикасынан екі апта өткен соң барып, 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынбор қаласындағы жалпықазақ съезрінде жарияланғанына қарамастан, жоғарыда баяндағанымыздай, «Алашорданың» қалыптасу процесі, оны құрушы интеллигенция өкілдерінің «Алаш» идеясын ортаға салу іс-әрекеттері ерте басталады. Қазақстандағы саяси үрдістер осы жерде туып-өскен, Ташкентте жоғары білім алған сауатты, оқымысты, мәмілегер, амбицияға толы саясаткер, кейін Түркістан автономды республикасының жетекшілерінің бірі болған Мұстафа Шоқай сынды қайраткерлердің қоғамдық-саяси қызметіне әсер етуі мүмкін деп болжаймыз. Мүмкін оның өзі бұл идеяны қорытып, өз ішінде байытып алған соң түркішіл ортаға шығарған болар, дегенмен қазір оның анығын айту қиындау.

Қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан шекараларының белгілі бір жер көлемінде құрылған Түркістан автономиялы республикасының тағдыры өте қысқа болғанымен бізге оның құрылуының алғышарттары мен ішкі себептері маңызды. Оның негізінде рулық, тайпалық, ұлттық шеңберден шығып пайымдау, биік мақсаттың жатқандығы назар аудартады. Түркістан идеясы сонысымен мықты, осы ерекшелігімен назар аударуға тұрарлық. Бүгінгі күні қайта көтеріліп жүрген «Түрік дүниасы», «Тұран» идеяларының негізі XX ғасырдың басында Мұстафа Шоқайдың отаршылдық саясатқа қарсы қойған саяси-философиялық пайымдарының негізінде қаланды деп сеніммен айтуға болады. «Үлкен Түркістан», «Тұран» идеяларының дәнегін Мұстафа Шоқай Түркияде саяси эмиграцияда жүргенінде әрі қарай дамытып, «Иени Түркістан» журналында қоғамдық-саяси ойларын жариялау арқылы Түркия түріктерінің арасында жақтастарын табады. Осы күні түрік академиялық ортасында «Түрік дүниасы» идеясын көтеруші түркішіл зерттеушілер арасында Мұстафа Шоқайдың мұрасына қызығушылық көлемінің артуы да соның дәлелі.

Мұстафа Шоқайдың саяси-философиялық ойының эволюциясына ден қоятын болсақ Түркістан автономиялы республикасының құрылу себептерін түсінуге болады. Мұстафа Шоқайдың «ұлт» туралы түсінігі қызықты. Мұстафа ұстанымында Түркістан Республикасы тілі, діні, ділі бір халық, оны бір-бірінен ажыратып қарамайды. Ол қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ және басқаларын

«түрік» ұлты деп атайды. Сол түрік ұлтының еркіндігі мен бостандығы үшін күрес Түркістан Республикасын құру идеясына ұласады. Мұстафа Шоқай 1936 жылы Берлин радиосынан Түркістан жастарына арналған сөзінде: «Бүгін Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түрікменстан һәм Тәжікстан деп жат үкімет күшін алты жұмһуриетке бөліп тұрған Түркістан – бөлінбес, айрылмас бір өлке. Халқының қаны бір, тілі бір, діні бір». «...Түрік халқы – батыр халық. Түрік халқы – арыстан ер халық. Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшманға ауызының аласы». Мұстафа Шоқайдың саяси күрескерлік өміріне арналған Түркістан идеясының қазығы тарихи «түрік» ұлты болды деген тұжырым жасауға болады. Түбі түрік Орта Азия халықтарының ортақ этногенезі мен ұқсас антропологиялық негізіне сүйене отырып XX ғасырда «түрік» ұлтын өзінің атамекенінде қайта жаңғыртқысы келеді. 1929 жылы Яш Түркістан журналының №1 санында жарық көрген «Біздің жол» атты мақаласында «Біз, Түркістан Тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз» [8, 1-4 бб.] дейді. Мұстафа Шоқай бір аймақта өмір сүріп отырған түрік этностарын Түркістан жұрты деу арқылы оларға бір халық атауын беруге тырысады. Түркістан идеясының барлық түрік жұртының тарихи отаны қазіргі Қазақстан жерінде пайда болып, дамуы заңды құбылыс және оның құндылығы бүгінде артып келеді.

Түркістан Республикасын құру идеясының тағы бір қыры бұл славянофилдік алып Ресейге түрік бірлестігін қарсы қою арқылы отаршылдық саясатқа төтеп берудің көзделуі. Әскери және экономикалық жағынан алпауыт кеңестерден жекелеген ұлттардың автономия алуы мүмкін емес деп қарастырылды. Түркістан идеясының басында тұрған жәдидшілдік бағыты өкілдерінің бірсыпырасы осы идеяны қостады. Түркістан идеясының өмірге келуіне жәдидшілердің ықпалы туралы ойлар айтылып жүргендіктен мақала көлемінде оған тоқталуды жөн көрмедік.

Мұстафа Шоқай Кеңес үкіметінің «түземдіктерге» қатысты ұстанымдарында шовинистік, империялық пиғылдан танбайтындығын, өңірлерге автономия беру мәселесі уәде күйінде қала беретіндігін ерте түсінді. Бұл оның кеңестерге қарсылық сипаттағы күресін нығайта түсті. Түркістан автономиялы республикасын құру идеясы уақыт өте келе географиялық сипатын кеңейтіп, басқыншылық саясатқа қарсы барлық халықтарды біріктіру қажет деген ойға ұласады. Эмиграцияда жүріп түрік, грузин, украин, кавказ халықтарының белсенді өкілдерімен байланыс құрып, қарсылық шебін жан-жақтан күшейтуге кіріседі. 1931 жылдың 16 қазанда Поляк Бас штабының париждік резиденті Г. Роллинге арналған хатында «Бізге қарсы жүз миллиондық ұлы орыс халқы тұр. Оның ұлттық үстемдігіне қарсы күресті біз барлық «шет аймақтар» кавказдықтар, украиндық және басқалар тығыз байланыста ғана жүргізуіміз керек. «Интернационаландыру» тек осы мәнде маңызды және сөзсіз қажет. Ол іске асатын жұмыс және біз оны ұйымдық жағынан жүзеге асырамыз...» [9, 291-292 бб.] деп жазды. Бұл Мұстафа Шоқайдың Түркістан идеясына халықаралық сипат беруге тырысқандығын, Түркістан идеясы өмірінің барлық мәніне айналғандығын көрсетеді.

Түркістан автономиялық республикасының өмірінің тым қысқа болғандығы оның жетекшілерінің әлсіздігінен немесе бағдарламасы мен

тұжырымдарында қандай да бір кемшіліктер болды деген ойдан аулақ болған абзал. Біздің ойымызша патшалық құлатылғаннан кейін Ресей империясының территориясындағы жеке автономия құру бастамалары мен большевизмді мойындамау, түркілік мемлекеттер қарсылығының жер-жерде орын алуы большевиктерді қатты алаңдатқан, тіпті отар елдерді қолдан шығарып алу қаупін еселеген болу керек. Патша үкіметі биліктен тайдырылғаннан кейін Түркістан автономиялы республикасының құрылуымен бірге Башқұртстан, Татарстандағы жалпы мұсылман съездерінің ұйымдасуы, Қазақстанда Алаш үкіметінің орнауы секілді саяси мәндегі бастамалардың тізбектеліп кете беруі сырт бақылаушыға отаршылдық саясатқа қарсы үлкен саяси күштердің пайда болғанынын дәлелдегендей болды.

Шындығында советтер «өз аймағындағы» мұндай үрдісті пантюркизм идеологиясының кең таралуы ретінде қабылдады. Түркістан автономиялы республикасын жоюды алдымен қолға алу барысында келесі болжамдарға сүйенген болу керек: Пантюркистік ұранды ашық және анық көтерген Түркістан республикасындағы жағдайдың басқа түрік халықтары арасында жайылып кету ықтималдылығы жоғары болғандықтан алдымен оның алдын алу міндеті қойылады. Басқа ұлттық-территориалдық автономия құру жолындағы отар елдердің ұмтылысын жою кейін барып қолға алынған. Себебі Татарстан, Башқұртстандағы саяси бас көтеру ниеті пантюркистік деп бағаланғанымен, олардың ішкі Ресейде орналасуы советтерді аса қауіптендіре қоймады. Екі жылдан аса уақыт өмір сүрген Алашорда үкіметінің бағыты болса «алты алашты біріктіру» секілді асқақ идеяға бағытталмады. Алашорда үкіметі өз аймағында ұлттық-территориалдық автономия құруды ғана мақсат етті. Түркістан идеясының ауқымы континенталды, құндылығы жалпыадамзаттық, көтеретін жүгі ауқымды болды. XX ғасырда идеяның толық жүзеге асуына толып жатқан саяси тосқауылдар мен түрік жұртының дербестікке жете алмауы басты кедергі болды. Бүгінде бұл идея мәдени-рухани байланыстар негізінде қайта жандануда. «Түркістан» идеясының орнына келген «Түрік дүниясы» идеясының жүзеге асуы түбі бір түрік елдерінің ішкі мүдделілігі мен бауырластығына сәйкес деп санаймыз.

XX ғасыр басында пайда болған Түркістан республикасын құру идеясы қазақ жерінде негізі қаланған саяси-философиялық ой бағыты болғандықтан ресми Қазақстанның «алты алаш», «Үлкен Түркістан», «Түрік дүниясы» идеяларына үлес қосуы маңызды деп санаймыз.

Қазақ интеллигенттерінің социалистік дүниетанымы

XX ғасыр басында Қазақстан жерінде кең таралған саяси-философиялық, әлеуметтік-экономикалық тұжырымдардың ең көлемдісі социализм идеологиясы болғандығы белгілі. Социализм әкімшілік ресурстардың көмегімен сырттан таңылған ой жүйесі болғанымен қазақ интеллигенттерінің арасында бұл идеяны қабылдаған, қоғамда оны әрі қарай дамытқан, социализм идеясы үшін саяси майданға түскен қазақ интеллигенттерінің шоғыры аз болмады. Олардың қатарында белгілі жазушы, ақын, мемлекет және қоғам қайраткерлері Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Сұлтанбек Қожанов, Жүсіпбек Аймауытов, Сейтқали Меңдешов, Темірбек Жүргеновтерді атауға болады. Социализм идеясын

қолдаушы қазақ интеллигенциясының ұстанымы коммунистердің Патша үкіметін құлатып, оның орнына ұлттардың теңдігі мен ұлттық азшылықтардың мәдени-рухани, саяси дамуына мүмкіндіктер жасалатындығы туралы уәделері болды. Патша заманынан жалғасқан әлеуметтік әділетсіздік, кедейлердің феодалдық қатынастардың құрбанына айналу көріністері социализм идеологиясының бірден-бір дұрыс бағыттағы көзқарастар жүйесі ретінде қабылдануына жол ашты. Шындығында, Ресей империясының отаршылдық саясаты қазақ даласына көптеген әлеуметтік-экономикалық, рухани келеңсіздіктер әкелгендігі анық. Әскери-губернаторлықтарға бөліп басқару жүйесіндегі кемшіліктерге сәйкес халықтың моральдық-рухани құлдырауы белең алды. Қазақ даласында жұмыс жасап келген қоғамдық-саяси, отбасылық институттар әлсіреп, орнына келген жаңа жүйе елде паракорлықты күшейтті, онымен бірге әділетсіздік көріністері белең алды. Кедейлердің, осал топтағы адамдардың құқығының өрескел бұзылуы орын алды. Осы негізде капиталистік жүйені айыптай келген социализм идеясын қолдаушы қазақ интеллигенттерінің, қарапайым азаматтар тобының да пайда болуы заңды құбылыс. Сол себепті, советтердің әлеуметтік теңдікті көтеріп, жаңа қоғам орнату бастамасы көптеген қазақ интеллигенттерінің тарапынан қолдау тапты десе болады.

Енді Европадағы социалистік қозғалыстардың таралуына назар аударар болсақ, Батыстағы индустриалды революция тудырған әлеуметтік мәселелер мен теңсіздіктер социализмнің қозғаушы күшіне айналғандығын білеміз. Социализм көтерген мәселелердің негізгісі жұмысшылар мен шаруалардың құқығын қамтамасыз ету, индустриаландыру тудырған теңсіздікті жою болатын. Сондай-ақ, социалистердің жоспарына сәйкес таптық жіктелген жұмысшы-шаруалар тобы революция жасап, билікті өз қолдарына алуы қажет еді. Ал индустриалды революция тұжырымымен таныс емес, жұмысшылар мен шаруалардың табы қалыптаспаған Орталық Азия елдері мен Қазақстанға социализм қалай енгізілді деген сауал туындайды. Орыс социалистері бұл мәселені жақсы түсінген секілді және өздерінің насихатында әлеуметтік теңсіздіктің жойылатындығы, ұлттық азшылықтарды отарлық езгіден құтқарып, тәуелсіз даму мүмкіндіктері берілетіндігі сынды уәделерін үйіп-төгеді. Бұл уәделердің заңды сипат алуы 2017 жылғы 2 қарашада Ресей халықтары құқының декларациясымен қабылданып, бекітіледі. Аталған декларация көтерген мәселелер сұрағанға берген дегендей, қоғамдағы қордаланған мәселелердің дәл үстінен түскендей еді.

Социалистік құрылысты жақтаған қазақ интеллигенттері байлар мен кедейлерді жойып, тек орта тап қалыптастыратын социализм идеясы қоғамдық сұранысқа жауап беретін жүйе құраушы, әділдік, теңдік, бостандық секілді сапалық параметрлер тек социализм қағидалары жұмыс жасап бастағанда ғана мүмкін болатындығына сенді. Бірнеше жылдар өткен соң, социалистік кеңес үкіметінің халықтардың теңдігі, ұлттық азшылықтарды қорғау сияқты тұжырымдары өзгерістерге ұшырап, кеңес жүйесінің орнауымен патшалық отарлау саясаты жаңаша сипат алғандығы көріне бастайды. Бұл сөз жоқ социализм идеалдарына күмәнсіз сенген қазақ интеллигенттерінің ұлттық-коммунистік позициясын күшейте түседі. Қазақ интеллигенттерінің социалистік жүйеге қызмет жасай жүріп, ұлттық мәселелерді мықтап қолға алу кезеңін, олардың ұстанымдарындағы өзгерістер «алаштықтар» мен «түркістаншылардың»

ұлттық көзқарастар жүйесіне жақын тартқанын көрсетеді. Социалистік лагерь ықпалында жүрсе де, «Алаш» және «Үлкен Түркістан» идеялары арқылы ұлттық мүддені қорғау мақсатында қызмет атқарған қазақ интеллигенттерінің қомақты мәдени-рухани мұралары, саяси ұстанымдары мен құндылықтар жүйесі еліміздің ұлттық идеологиясын дамытуда әлі де қызмет жасап келе жатыр. Жаңа «совет халықтарын» қалыптастыруға бет түзеген біртұтас платформа коммунистік жүйеге жаңа бағыт национал-коммунизмді қосқан қазақ интеллигенттерінің әлеуметтік-саяси ойын ұғыну, философиялық ойдың бір бағыты ретінде тану олардың ойлау деңгейіне көтерілуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Зерттеу барысында XX ғасыр қарсаңы мен басындағы күрделі саяси өзгерістер мен экономикалық, әлеуметтік және мәдени дағдарысқа толы тарихи жағдайлар әлеуметтік саяси-философиялық ойдың онтологиясы тұрғысында зерделенді. Алдымен патшалық, кейіннен кеңестік басқыншылық саясатқа мүлдем дайын емес қазақ даласының жағдайында ұлттық тәуелсіздікті сақтап қалу жолында күрескен саяси қозғалыстардың қызметіне, олардың саяси тұжырымдарына философиялық талдау жасауға ұмтылды. Зерттеудің кейбір тұстарында тарихи оқиғалардың уақыт ретімен берілмегенін осы негізде түсіндіреміз. Қандай да бір идеялардың абстрактылығы олардың уақытқа бағынбайтындығымен ерекшеленеді. Мысалы Түркістан автономиясы Алаш автономиясынан бұрын құрылса да Түркістан идеясының Алаш идеясынан бірқатар ойлар, идеялар алуын, толығын жоққа шығара алмаймыз. Себебі, ойға ой қосылып, қандай да бір идеяны тудырып жатады. Сол секілді, Әлихан Бөкейханды басшы-ұстазы санаған Мұстафа Шоқай оның «Алаш» идеясын талқылау, пайымдауларымен таныс болды және сол ойдың ұшқыны Түркістан идеясына ұласуы мүмкін ғой.

Түркістан Республикасын құру идеясы Ресей империясының отаршы-лық саясатына және кейін КСРО-ның күшпен билікті орталықтандыру саясатына қарсы қоятын амалдар іздестірудің нәтижесінде туындаған ойдың жемісі болды деген тұжырым жасалды. Сондай-ақ, тарихшылар Түркістан Республикасын құруға мәжбүр еткен фактілерден хронологиялық қисын іздесе, біз Түркістан Республикасының өзін біртұтас саяси идея ретінде алып, осы идеяның дамуына ықпал еткен себептерге басымдылық бердік.

«Алаш» атауы идеологиялық тұжырымдама ретінде дүниеге келіп, кейін бұл идея төңірегіне топтасқандар «алаштықтар» аталды, ал бүгінде Алаш мұрасын зерттеуші ғалымдарды «алаштанушы» деп атауымыз идеяның қазақ елінің тәуелсіз мемлекет ретінде сақталғанының, еліміздің тарихында терең із қалдырғанының дәлелі емес пе.

Қорыта келгенде, «Алаш» ұлттық идеясы мен Түркістан Республикасын құру идеялары қазақтың дәстүрлі құндылықтары мен қоғамды модернизациялау бастамаларының бірлігінен тұрды. Қозғалыс жетекші-лері заманауи саяси және экономикалық институттарды дамыта отырып өзінің мүддесін қорғай алатын мықты және тәуелсіз қазақ мемлекеттілігін құруға ұмтылды. «Алаш» идеясы Қазақстанның ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарып, қазақ халқының рухани, саяси және мәдени жаңғыруының негізі болса,

Түркістан идеясы Қазақстан жерінде дамыған саяси-философиялық ой ретінде бүгінде жаңа «түрік әлемі» идеясын ілгерілетуге біздің моральдық құқығымыз бар екендігін еске салады. XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенттерінің саяси-философиялық ойлары Тәуелсіз Қазақстанның саяси, тарихи-мәдени дамуында әлі де сұраныс тудыратынына сенімдіміз. Аталған саяси тұжырымдар ұлттың саяси санасының дамуын, рухани жаңғыруын және тәуелсіз ұлттық мемлекет ретінде сақталуын нақты әрекеттермен дәлелдеді. Бұл мемлекеттің тәуелсіздігін сақтау мен ұлт азаттығы жолындағы саяси күрес қана емес, сонымен қатар өркениетті, демократиялық қоғам құруға бағытталған саяси-философиялық тұжырымдама деп айта аламыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сыпатайұлы С. Алаш атауының шығу мәні. [Электронды ресурс]. URL: <https://abai.kz/post/47580> (қаралған күні 27.10.2024).
- 2 Қожырбайұлы М. Алаш, алты Алаш және Алшын атауы қайдан шыққан // [Электронды ресурс]. URL: <https://ult.kz/post/alah-altay-alash-zhane-alshyn-atauy-kaydan-shykkan> (қаралған күні 18.10.2024)
- 3 Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө. Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 880 б.
- 4 Бөкейхан Ә. Таңдамалы (избранное) / Гл. ред.Р. Нургалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. 498 б.
- 5 «Қазақ» газеті, 1913 жыл / Құраст.: Ғ.Әнес, Т. Замзаева. – Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. – 576 б.
- 6 Алаш. Уикипедия ашық энциклопедиясы // [Электронды ресурс]. URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%BB%D0%B0%D1%88> (қаралған күні 14.10.2024).
- 7 Батырханов С., Балтабеков С.К. Алғашқы қазақ елі уставын жазған Алаш азаматы // [Электрондыресурс] URL: <https://abai.kz/post/49494> (қаралған күні 05.11.2024).
- 8 Шоқай М. (1929). Біздің жол // *Яш Түркістан*, №1.
- 9 В эмиграции: Эпистолярное наследие Мустафы Шокая. 1919-1941/Ред. Г.К. Кокебаева; составители: Г.Т. Исахан, Г.К. Кокебаева, С.К. Шилдебай. - Алматы: Полиграфия сервис и К, 2021. – 448 с.
- 10 Алаш Орда: сборник документов / сост. Н. Мартыненко. – Алма-Ата: Айқап, 1992. – 192 с.
- 11 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Ататек», 1995.-256 б.
- 12 Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы.1-том: Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер / құраст.:Г. Дулатова, С. Иманбаева. – Алматы: Мектеп, 2013. - 392 б.
- 13 Ақмағанбет Р. Алаш демократиясы. Өркениетті қоғам құру жолында. - Алматы: Amal Books баспасы, 2022. - 296 б.
- 14 Маркс К. Капитал. Т. 1: - ООО «Издательство АСТ»; - Москва, - 2001 с.
- 15 Бөкейхан Ә. Таңдамалы. - Алматы: Өлке, 2003. - 224 б.
- 16 Бөкір Ә. Мұстафа Шоқай: ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болмайды//[Электронды ресурс]. URL: <https://tilalemi.kz/kz/method/mustafa-shoqay-ulttiq-ruksiz-ult-tauelsizdigi-bolmaydi.html>. 14 желтоқсан, 2018 (қаралған күні 06.05.2025).

Transliteration

1 Syptatjuly S. Alash ataynyn shygu mani [The origin of the name Alash] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://abai.kz/post/47580> (1aralğan kuni 27.10.2024).

2 Qozhyrbajuly M. Alash, alty Alash zhane Alshyn atauy qajdan shyqqan [Where do the names Alash, six Alash and Alshyn come from?] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://ult.kz/post/alash-alty-alash-zhane-alshyn-atau-y-kaydan-shykkan> (qaralghan kuni 18.10.2024).

3 Ajbyn. Jenciklopedija [Aibyn. Encyclopedia]. / Bas red. B.O. Zhaqyp. - Almaty: «Qazaq jenciklopedijasy», 2011. – 880 b.

4 Bokejhan Ә. Таңдамалы (izbrannoe) [Favorites (selected)] / Gl. red. R. Nurgaliev. – Almaty: Qazaq jenciklopedijasy, 1995. 498 b.

5 «Qazaq» gazeti [«Kazakh» newspaper], 1913 zhyl / Qurast.: G. Anes, T. Zamzaeva. – Almaty: «Alashorda» qoғamdyq qory, 2023. – 576 b.

6 Alash. Ujkipedija ashyq jenciklopedijasy [Alash. Wikipedia, the free encyclopedia]. [Jelektrondy resurs] URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%BB%D0%B0%D1%88> (qaralghan kuni 14.10.2024).

7 Batyrhanov S., Baltabekov S.K. Algashqy qazaq eli ustavyn zhazgan Alash azamaty [Alash citizen who wrote the first Kazakh charter] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://abai.kz/post/49494> (qaralghan kuni 05.11.2024).

8 Shoqaj M. Bizdiñ zhol [Our way] // *Jash Tyrkistan*, 1929. № 1.

9 V jemigracii: Jepistoljarnoe nasledie Mustafy Shokaja 1919-1941 [In Exile: The Epistolary Legacy of Mustafa Shokai 1919-1941]. /Red. G.K. Kokebaeva; sostaviteli: G.T. Isahan, G.K. Kokebaeva, S.K. Shildebaj. - Almaty: Poligrafija servis i K, 2021. – 448 s.

10 Alash Orda: sbornik dokumentov [Alash Orda: collection of documents] / sost. N. Martynenko. – Alma-Ata: Ajkap, 1992. – 192 s.

11 Nurpejisoв K. Alashham Alashorda [In Alash and Alashorda]. – Almaty: «Atatek», 1995. - 256 b.

12 Dulatuly M. Altytomdyq shygarmalar zhinagy. 1-tom: Olender, roman, p’esa, angimeler [A collection of six volumes. Volume 1: Poems, a novel, a play, stories] / қыраст.: G. Dulatova, S. Imanbaeva. — Almaty: Mektep, 2013. - 392 b.

13 Aqmaganbet R. Alash demokratijasy. Orkenietti qoғam quruzholynda [Alash democracy. On the way to creating a civilized society]. - Almaty: Amal Books baspasy, 2022. -296 b.

14 Marks K. Kapital. T. 1 [Capital. Vol. 1]. - Moskva: - ООО «Izdatel’stvo AST»; - 2001 s.

15 Bokejhan A. Tandamaly [Favorites]. Almaty: Olke. 2003. – 224 b.

16 Bakir A. Mustafa Shoqaj: ulttyq ruhsyz ult tauelsizdigi bolmajdy [Mustafa Shokai: There can be no national independence without a national spirit.] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://tilalemi.kz/kz/method/mustafa-shoqay-ulttyq-ruhsyz-ult-tauelsizdigi-bolmaydi.html>. 14 zheltoqsan, 2018 (qaralghan kuni 06.05.2025).

Тайженбетова А.Б., Нұрышева Г.Ж.

Национальная идея «Алаш» и основные направления политико-философской мысли в казахском обществе в начале XX века

Аннотация. В статье рассматривается и анализируется общественно-политическое, культурно-духовное наследие представителей казахской интеллигенции в Казахстане начала XX века как одно из направлений политико-философской мысли. Изучены национально-идеологические работы сформированные казахской интеллигенцией для модернизации общественного сознания. Так, слово «Алаш» рассматривается как не только имя собственное, данное политическому движению, но и сделаны попытки к раскрытию его философского значения, глубинного содержания. Точно так же инициативы и процессы реализации Республики Туркестан в прошлом веке были сформулированы с точки зрения результатов мысли казахской интеллигенции, обращено

внимание на развития и эволюции политико-философской мысли интеллигенции. Также были проанализированы взгляды казахской интеллигенции, принявшей идеологию социализма, историческая роль социалистического мировоззрения перед страной. Из числа казахских интеллигентов мы придавали значение роли создателей идеи, параллельно с распространением идеи пытались обобщить их образ деятельности и мысли. Вместе с тем, развитие нескольких политико-философских мыслей прошлого века отражало особенности политического плюрализма в казахском обществе. Изучив тему, удалось убедиться, что общественно-политические процессы начала XX века состояли не только из борьбы противоположных сил, групп, но, прежде всего, из противостояния целенаправленной системы взглядов и идей. Изучая тенденции развития политико-философской мысли в Казахстане, мы соединили их с общественно-политической мыслью в современном независимом Казахстане.

Ключевые слова: Алаш, национальная идея, Туркестанская Республика, политико-философская мысль, казахская интеллигенция, социализм, общественно-политические процессы, политические системы.

Nurysheva G.Zh, Taizhenbetova A.B.

National Idea «Alash» and Main Directions of Political and Philosophical Thought in Kazakh Society at the Beginning of the XX Century

Abstract. The article examines and analyzes the socio-political, cultural and spiritual heritage of representatives of the Kazakh intelligentsia in Kazakhstan at the beginning of the twentieth century as one of the directions of political and philosophical thought. The national-ideological works formed by the Kazakh intelligentsia for the modernization of public consciousness are studied. Thus, the word «Alash» is considered not only as a proper name given to a political movement, but also attempts were made to reveal its philosophical meaning and deep content. In the same way, the initiatives and processes of implementing the Republic of Turkestan in the last century were formulated from the point of view of the results of the thought of the Kazakh intelligentsia, attention was paid to the development and evolution of the political and philosophical thought of the intelligentsia. The views of the Kazakh intelligentsia who adopted the ideology of socialism, the historical role of the socialist worldview before the country were also analyzed. From among the Kazakh intellectuals, we attached importance to the role of the creators of the idea, in parallel with the dissemination of the idea, we tried to generalize their way of activity and thought. At the same time, the development of several political and philosophical thoughts of the last century reflected the peculiarities of political pluralism in Kazakh society. Having studied the topic, it was possible to make sure that the socio-political processes of the early twentieth century consisted not only of the struggle of opposing forces, groups, but, above all, of the confrontation of a purposeful system of views and ideas. Studying the trends in the development of political and philosophical thought in Kazakhstan, we combined them with socio-political thought in modern independent Kazakhstan.

Стаусбергтың пайымдауынша, теоретиктер көбінесе дін туралы ашық немесе үнсіз құндылық пайымдауларын жасауға бейім. Кітапта көрсетілген теоретиктердің ішінде Ричард Доукинз («God Delusion» кітабының авторы) және Дэниел Деннетт («Breaking the Spell» авторы) өздерінің дінге қарсы ұстанымдарын жасырмайды. Вальтер Беркерт өзінің көзқарасының ерекшелігіне байланысты – ғибадаттық зорлық-зомбылық пен діни қорқынышты талдауда күмәнділік пен сақтықты көрсетеді [1, 7 б.].

Дін теориялары, Стаусбергтің пікірінше, өзара байланысты төрт негізгі сұраққа жауап береді. Бірінші сұрақ – діннің (діндердің) объект/құбылыс ретіндегі ерекшелігі, яғни дінді басқалардан шын мәнінде не ажырататынын, оның «типтік және қайталанатын белгілері» қандай екенін анықтау.

Барлық теориялардың екінші мәселесі – діндердің пайда болуы. Өртүрлі жағдайларды ескере отырып, олардың кез келген уақытта пайда болу мүмкіндігін түсіндіру.

Үшінші сұрақ – зерттеуші субъектілер мойындамайтын «функция-ларды» талдайды, сондықтан «функция» түптеп келгенде, нормативтік категория, ғалым қолданатын нормативтік үлгідегі себепті байланыстардың фрагменті болып табылады. «Функциялар» Стаусберг бойынша таза эмпирикалық категория болып табылатын «нәтижелерден» (әсерлерден) осылай ерекшеленеді. Қарама-қарсылық нанымды емес және бұл әсіресе Стаусбергтің мысалынан кейін айқын көрінеді: «Діннің қызметі әлеуметтік бірігу болуы мүмкін болса да, діндердің салдары деструктивті болуы мүмкін».

Соңғы, төртінші сұрақ діннің құрылымы туралы. Бұл сұрақта діннің элементтерінің, құрамдас бөліктерінің және құрылыс блоктарының стандартты жиынтығы туралы айтылады. Олардың кейбіреулері қаншалықты қажет (олар құрылым құраушы ма) және қаншалықты дәрежеде? [1, 11-13 бб.] – деген мәселелер қарастырылу керек деп жазады Стаусберг.

Аталған кітапта Стаусберг классикалық және заманауи дін туралы теорияларға бөліп қарастырған. Классикалық теорияларға қатысты Карл Маркстен бастап, Питер Бергермен аяқталатын ұзын тізім берілген. 1990 жылдардан кейін ғылымда өте көп теориялар пайда болған, солардың ішінде 17 теорияны заманауи ретінде қарастырады. Автор дін туралы зерттеулер жаратылыстану саласының бір бөлігіне айналып бара жатқанын атап өтеді. 1990-шы жылдары байқалған бұл көрініс талданған теориялардың жартысынан көбі «биоцентристік», қазіргі «когнитивтік» деп аталатын тәсілге негізделген.

Сонымен, жинақ Томас Лоусон мен Роберт Макколейның «Дінді қайта қарастыру: ой мен мәдениетті байланыстыру» атты кітапты талдаумен басталады. дін – табиғи, биологиялық шартты құбылыс, «адам миында тамыр жайған», яғни адам ойлауының когнитивтік құрылымының белгілі бір нәтижесі, -деген тұжырым жасалады.

Барлық когнитивтік теоретиктердің алдында тұрған мәселенің мәні ойлау механизмінен белгілі бір «адам құбылыстарының» бастауларын табу ғана емес, сонымен қатар ойлаудың мәдениетке өтуі немесе ойлауды мәдениетке проекциялау жолдарын табу болып табылады. Мәдениет бұл «ұжымдық» құбылыс, сондықтан алдымен когнитивті талдаудың нысаны бола алатын жеке сананың ұжымдық идеяларға, дискурстарға, сәйкестіктерге немесе мінез-құлық үлгілеріне қалай өзгертетінін түсінуіміз керек. Барлық осы идеялар және т.б., әрине, жеке саналардың жай ғана арифметикалық қосындысы бола алмайды, олар бұдан да күрделі нәрсе және осы жерде «проекциялау» әдістері туралы: мысалы, белгілі бір ойлау механизмдерінің жұмыс істеуі нәтижесінде мәдени маңызды діни идеялар, мифтер, рәсімдер және трансляцияға жататын белгілер қалай қалыптасады деген сұрақ туындайды.

Жинақта талданған Э. Ньюберг, Д>Аквилі және В. Рауздың «Неліктен Құдай жоғалмайды» атты кітабы когнитивтік көзқарастың салыстырмалы түрде сирек кездесетін бағытын білдіреді. Мэттью Дэйдің осы кітапқа арналған мақаласында «діни қабілеттілікті» ойлау эволюциясының жанама өнімі ретінде қарастырса, «нейротеологтар» бұл қабілетті тәуелсіз, тектік деп санайды.

Бұл мистикалық тәжірибе кезінде мидың әрекетін сипаттау үшін әзірлеген SPECT (single photon emission computed tomography/жалғыз фотонды эмиссиялық компьютерлік томография) әдісін қолданатын тікелей зертханалық эксперименттерді қамтиды. Д>Аквилі мамандығы бойынша психиатр, Ньюбергтің медициналық білімі бар. Материал ретінде олар тибеттік (буддист) және францискандық монахтардың медитация тәжірибесін пайдаланды. Зерттеу медитацияның әртүрлі кезеңдерінің «неврологиялық суреттерін» түсіріп, «трансценденттің неврологиялық механизміне» енуге тырысады. Бұл авторлар діни тәжірибе «биологиялық, эмпирикалық және ғылыми мағынада шынайы» деп есептейді, сондықтан М. Дэй оларды «неврологиялық реалисттер» деп атайды [1, 20].

«Нейротеологтар» мен «нейрореалисттерді» зерттеген М. Дэйдің ойынша зертханалық жағдайда мистикалық тәжірибелер сахналанған, сондықтан негізінен жасанды деп жазады. Екіншіден, діни әмбебаптарға абсолютті сенім нақты діни әртүрлілік толық қарастырылмады. Үшіншіден, авторлар У. Джеймстің ықпалымен дінді тек қана экстатикалық, мистикалық тәжірибеге

дейін төмендетеді. Олар «діни экзотизмге» бағытталған және діннің барлық басқа нысандары мен көріністеріне мүлдем назар аудармайды.

Когнитивтік бағыттағы Лоял Рюдін теориясында дінде «бастапқы, интуитивті және қайталама, мәдени, ақыл-ой операторлары» негізгі орын алса, Стюарт Гатри діни қиялдың барлық өнімдерін бейсаналық антропоморфтық болжамдарға дейін төмендетеді, Паскаль Буайе, Илкк Пюсиайнен, Скотт Атран теорияларында «дін мәдени құбылыс емес, психикалық механизм» деген тұжырым жасалады.

Атран сияқты когнитивтік ғалымдардың барлық пайымдаулары мәдениетті тыс қалдырып, діннің «қосалқы өнім» ретінде пайда болуы туралы эволюциялық дәлелдердері көпке түсініксіз. Сондай-ақ, діннің негізін құрайтын діни сезімге карама-қайшы идеялардың, шын мәнінде, қалай қалыптасатынын түсіндіру де нанымды емес. «Интуитивті онтология» қашан және неге бұзылады? Ми қызметінің механизмінің мұндай бұзылуының себебі неде? [1, 23], – деген тағы басқа да көп сұрақтар жауапсыз қалатындығы туралы сияқты автордың пікірлеріне біз де қосыламыз.

Отандық ғылымдағы дін теориялары

Енді отандық зерттеулердегі діннің мәні мен маңызына байланысты теорияларға келсек, мүлде басқа дүниетанымдық бағытты, жоғарыда айтылған теорияларға карама –қарсы зерттеу тәсілдерін көреміз.

Діннің әлемдік деңгейдегі адамзатқа тән ойлау жүйесінен шет қалмайтындығын қазіргі заман болмысы айқын аңғартып отыр, себебі дінсіз қоғам болмайды, – деп жазады Ғарифолла Есім. Кеңес өкіметі кезеңінде дінсіздік деген жақсылық деген сөздің баламасына айналды. Сондай қоғамда өмір сүріп, білім алған адамдар толығымен атеист болып кетпеді, себебі қоғамның дінсіз болуы мүмкін емес. Ғалым «Қазақстандағы ислам діні дәстүр, қажет десеңіз, ұлттық дәстүр, ғұрып арқылы сақталды. Сондықтан бүгінде дінді дәстүрден ажыратуға тырысушылық ел санасына дағдарыс әкелетін іс»– деп атап өтеді [3, 13 б.]. Сондықтан «біз діннің неліктен бітімгершілікке қабілетті екенін және оның бұл қабілетті қандай нақты нысандарда жүзеге асыратынын түсінуіміз керек. Сол сияқты оның адам қызметінің басқа салаларындағы: экономикадағы, мәдениеттегі, рухани саладағы нақты жағымды мүмкіндіктерін анықтау қажет. Ол үшін діннің ішкі мазмұнын, оның рухани және практикалық жағын зерттеу қажет [4, 7 б.], – деп жазады А.Косиченко. Бұл зерттеудің жаңа стратегиясы болады. Дін әсерін зерттеуде оның қоғамға және жеке тұлғаға ықпалы қандай, оның салдары қандай, жалпы қоршаған орта бұл әсерден өзгеріп жатыр ма, діннің оң ықпалын тереңдету және сонымен бірге жалған діншілдіктің, жалған діни бірлестіктердің, қазіргі заманның деструктивті үдерістерінде діни риториканы пайдаланудың кері әсерін қалай азайтуға болады? – деген сұрақтар туындайды. Е. Бурова, А.Бижанов, А.Амребаевтың Қазақстандағы азаматтық интеграция үдерісіне зайырлы және діни құндылықтардың әсерін талдау үшін 2020 жылдың сәуір-мамыр айларында жүргізген социологиялық зерттеулері осы сұрақтарды қамтиды. Зерттеу 18 бен 65 жас аралығындағы 17 облыс тұрғындарын қамтыған [5, 44 б.].

Жалпы еліміздегі дінге қатысты заңнамаларға сүйеніп және дін мен мемлекеттік мәселелерге қатысты зерттеулерді талдай отырып, біздің елімізде мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынастың ерекше, қазақстандық үлгісі құрылғанын толық сеніммен айта аламыз. Себебі Қазақстанда дінге байланысты барлық өзгерістерге ашықтық, икемділік, болашақтағы болуы мүмкін қауіпті мәселелердің алдын алу шаралар жүйесі жасақталған. «Бұл модель іс жүзінде мемлекеттің өз азаматтарының сенімдері, ар-ождан бостандығы және идеологиялық, моральдық, саяси және т.б. құқықтарына араласпау принципі жүзеге асырылатындығымен ерекшеленеді» [6, 228 б.].

Дінаралық келісімге келу сұхбаттасудың ерекшелігін түсінуден бастама алады. Сұхбаттастық мәдениеті екі немесе одан да көп көзқарастар орын алған кезде, өзара ақпарат алмасу арқылы теңдей дәрежеде өз көзқарастарын білдірген кезде болады. Ол үшін жоғарыда айтылған зайырлылық принциптері сақталуы міндет. Мемлекеттің діни сенімдерге әділ әрі бейтарап қарауы, діни сенім мен азаматтық міндеттердің үйлесуі – маңызды. Себебі діндар тұлға заң талаптарын сақтауға міндетті, ал заң оның діни сеніміне құрметпен қарауы керек. Д. Кенжетай қазіргі зайырлы мемлекеттердің барлығы бұл ұстанымды толық орындай алмайтыны туралы жазады. Бұл объективті шындық. Сондықтан елімізде зайырлылық принциптерінің жүзеге асырылуы және дін төңірегіндегі саяси және құқықтық мәселелер шешілуі үшін ғылыми-зерттеу институттары мен идеологиялық платформаларды жетілдіру керек [7]. Мұндай түсінік орын алмаған кезде әр түрлі сипаттағы ксенофобия, экстремистік әрекеттердің орын алуы күтілетін жағдайға айналып, діни негіздегі шиеленістерге әкелуі мүмкін.

Қазақстандағы псевдоисламдық ағымдар мәселесі

Еліміздегі діни қарым-қатынастарда орын алған шиеленістер туралы сөз қозғасақ ресми деректер бойынша, тәуелсіздік жылдарынан бастап Қазақстанда 18 террорлық іс-әрекет орын алып, жалпы 106 адам қайтыс болған. Оның ішінде 77 терроршы, 17 құқық қорғау және арнайы қызмет өкілдері және 12 бейбіт тұрғын қайтыс болды [8].

2011 жылдың бірінші жартыжылдығында экстремистік сипаттағы 14 қылмыс қозғалған. Олардың қатарына елімізді дүр сілкіндірген Ақтөбе, Атырау, Тараз, Боралдайдағы лаңкестік қылмыстар жатады. Бұл дінен, тілден, мәдениеттен, салт-дәстүрлерімізден, ұлттық құндылықтарымыздан айырып, көп конфессиялы, көп ұлтты халқымыздың арасында араздық, тудырып, ынтымақ-бірлігімізден айыру мақсатында, түрлі ағымдардың өте белсенді түрде әрекет етіп жатқандығының белгісі болды.

Атап айтар болсақ қазіргі таңдағы деструктивті діни ағымдардың қатарына сәләфилік, уаһхабилік, мадхалилік, табиғишылар» сияқты тағы басқа ислам атын жамылған топтарды мамандар атап өтеді [9, 4 б.]. Аталған ұйымдар күресі идеологиялық күрес, идеологиялық төңкеріс, билікті өз қолдарына алу сынды үш бағытта жүргізіледі. Мұндай қозғалыстар өздерін «шынайы ислам» деп танытып, дәстүрлі дін түрлерін «бұрмаланған» немесе «дұрыс емес» деп айыптайды.

Қазақстандағы діннің дезинтеграциялық қызметіне арналған зерттеулер негізінен осы мәселелерге арналады. БҒМ ҒК Философия және саясаттану

институтында жарық көрген «Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудегі дәстүрлі діндердің рөлі» [10] атты әдістемелік материалдар жинағына және Е.Ногойбаеваның редакциясымен жасалған ұжымдық монографияда дінге қатысты саясатқа баса назар аударылады [11].

Сонымен қоса, Қ. Бағашаров, Т.Оспан, Қ.Шалабаевтың [12], Е.Н. Егоровтың [13], Р.М. Абдрашевтың [14] мақалаларында діни экстремистік идеяларды таратушы ислам атын жамылған топтардың әрекеттері туралы жазылады, М. Исахан [15], А. Қайыркен [16], Қ. Сімәділ [17], Т. Нүсіпхан [18], Г.А. Базарбаева [19], Байтенова Н.Ж., Жетпісбай Н [20] тағы да басқа ғалымдардың зерттеулерінде Қазақстандағы псевдоисламдық ағымдардың қоғамға тигізетін әсері және олардың таралуына қарсы мемлекет тарапынан жасалып жатқан шаралар жан-жақты талданады.

Қазақстандағы псевдоисламдық топтардың таралу ерекшеліктерін К.И. Поляков ислам экстремизмінің пайда болу және даму процесімен байланыстырады. Оны зерттеуші үш кезеңге бөледі. Біріншісі 1991–1998 жылдарды, екіншісі 1999–2010 жылдарды, үшіншісі 2011–2016 жылдарды қамтиды.

Бірінші кезеңде шартты түрде исламдық экстремизм инфрақұрылымының жасырын қалыптасу уақыты деп те атауға болады. Қазақстанда исламдық экстремизм идеяларының таралуының негізгі себептері мен шарттарының ішінде әлеуметтік-экономикалық факторлармен қатар мыналарды бөліп көрсету керек:

1. Қазақстанның билеуші саяси элитасы жүзеге асыра бастаған қазақ қоғамын исламдандыру, оның ішінде бұрынғы коммунистік идеологияға балама ретінде исламның барлық мәселелерді шешуге қабілетті идеология-лық және әлеуметтік күш ретіндегі құндылығы туралы идея бұқаралық санаға енгізілді.

2. Қазақ мұсылман қауымының бөлінуі: исламдық топтардың едәуір бөлігінің, соның ішінде салафиттік (уаххабилік) «жамағаттардың», тақфирліктердің және тек коммерциялық мақсаттарды көздейтін топтардың пайда болуы.

3. Атқарушы биліктің, оның ішінде жаңадан құрылған құқық қорғау органдарының діни экстремизмге қарсы іс-қимылға қабілетсіздігі, сонымен қатар, ел басшылығының қазақ қоғамының рухани өміріне шетелдік діни-саяси көзқарастардың кіруіне жол беруінің салдары болды.

4. Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін айқындайтын нормативтік құқықтық базаның болмауы. Діни өмірді реттейтін негізгі заңнамалық акт «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» 1992 жылғы 15 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы [21] болды. Бұл заң іс жүзінде экстремистік қызмет субъектілеріне қарсы санкцияларды қарастырмады.

5. Исламдық орталықтар мен мекемелер соның ішінде «жеке меншік» мешіттер, медреселер саны бақылаусыз өсті. Ондағы уағыздар мен тәлім-тәрбие демеушілердің діни және діни-саяси талғамына сай жүргізілді.

6. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (ҚМДБ) Қазақстан мұсылман қауымында болып жатқан үдерістерді тиімді бақылауға және исламдық экстремизм көріністеріне тиімді қарсы тұруға дайын болмады.

7. Жас қазақстандықтардың шетелдік ислам оқу орындарында (Түркия, Иран, Сауд Арабиясы, Пәкістан, Египет және т.б.) діни білім алуы. Бұл оқу барысын-

да қазақ студенттері Қазақстанда дәстүрлі түрде қабылданғаннан ерекшеленетін діни көзқарастар мен құндылықтарды еріксіз игерді.

8. Қазақстандағы шетелдік ислам уағыздаушылардың кейбірі радикалды ислам идеяларын ұстанып, насихаттады. 1990 жылдардың басында Оңтүстік Қазақстанда «Ислах», «Тайба», Азия мұсылмандары комитеті және т.б халықаралық исламдық ұйым өкілдері радикалды ислам идеяларын таратқан.

9. Қазақстанның саяси (радикалды) исламның позициясы күшті Ауғанстан, Пәкістан сияқты елдермен географиялық жақындығы және шетелдік исламшылардың Қазақстанға енуіне Қазақстанның мемлекеттік шекарасының ашықтығы ықпал етті [22,13-16 бб.].

Деструктивті діни ағымның ұстанушыларын дәстүрлі құндылықтарға бейімдеуге және оңалтуға қатысты» әдістемелік құралда деструктивті діни ағымдардың жалпы жіктелуі беріледі. Мәселені түсіндіру мақсатында 6 хадис талданады. Бұл хадистерде Пайғамбар яхудейлердің 71, христиандардың 72 мұсылмандардың 73 топқа бөлінетінін айтқан. «Аталған хадис мәтіндеріне назар салсақ, нақты санына байланысты біркеліктік байқалмайды. Алайда Шиһабуддин Алуси осы тақырыпқа қатысты деректерді келтіре отырып хадистердің арасында ешқандай қарама-қайшылық жоқ» [9,7 б.]-, деп қорытынды жасаған. «Сондай-ақ үмбеттің бөлінуін баяндаған хадистерде «Біреуінен басқасының бәрі тозақта» деген сөздің жоқ екенін Санағани, Шаукани, Ибн Хазм және де басқа ғалымдар айтқан. [9,8 б.] «Біреуі ғана жәннатта, қалғанының бәрі тозақта» деген ұстаным өзін ғана ақиқатта, өзгелері адасушы деген түсінікке жетелейді. Нәтижесінде үмбеттің бөлінуіне әкеледі. Шындығында ислам ішіндегі ағымдар бірін – бірі айыптап, кейбір көзқарастарын теріске шығарғанмен, діннің негізгі мәселелерінде келіспеушілік туындамаған. Сонымен қоса, үмбеттің бөлініп, тозаққа баратындығын баяндаған хадис, калиманы айтқан әр адам жұмаққа кіреді деген Пайғамбардың сөзіне қайшы келеді. Демек бір ғана діни мәтінді басшылыққа алып, яғни бір Құран аятын яки хадисін негізге алып, үкім шығару қателікке жол ашады [9, 10 б.].

Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы орталығының сайтында 2023 жылдың 12 қаңтарында қойылған Қазақстан Республикасы-ның аумағында сот шешімімен тыйым салынған террористік және экстремистік ұйымдардың тізбесі [23] берілген. Қазақстандағы дәстүрлі исламға қайшы келетін псевдоисламдық ағымдардың таралуы қоғамның рухани тұтастығына және ұлттық құндылықтардың дамуына кері әсерін тигізеді. Әсіресе тәкфиршілер мен сәләфилік идеологияның радикалды өкілдері, еліміздегі мұсылман қауымын бөлшектеуге, зайырлы мемлекеттің негіздерін әлсіретуге бағытталған.

Ол әрекет Тәкфир жамағатының мұсылмандарды күпірлікпен айыптауы, дәстүрлі дін ғұламаларын мойындамауы, өздерінен басқаларды адасқан деп санауы және зайырлы мемлекетті теріске шығаруынан арқылы көрінеді. Сәләфилік қозғалысы да өз ұстанымдары арқылы дәстүрлі исламнан ерекшеленеді. Оның өкілдері исламды «тазарту» мақсатында шарифат заңдарын қатаң сақтауды және өздерінің сенімдерін абсолютті ақиқат ретінде ұсынуды көздейді. Тарихи тұрғыдан алғанда, бұл идеология төзімсіздікпен және басқа исламдық бағыттарға агрессиялық көзқараспен сипатталады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап қазіргі уақытқа дейінгі жағдайды сараптап қарасақ, Шымкент, Астана, Алматы және еліміздің батыс өлкесінде араб елдерінен

келіп жұмыс жасаған ислам дінін уағыздаушылар тек сәләфизм бағытының өкілдері болды. Араб мұсылман елдерінің жалпы діни ұстанымдарына көз жүгіртер болсақ, бір-екі араб елінен басқа елдерде сәләфизм ілімі қолдауға ие болып келмеген. Осы тұста неге Қазақстанға араб мұсылман елдеріндегі дәстүрлі исламның өкілдері келіп дінді уағыздамады – деген сұрақ та туады. Демек, қазақ жеріндегі сәләфизм қозғалысының артында үлкен саяси, қоғамдық және экономикалық мақсаттары бар деген Е. Карин, Қ. Затов, Н. Исмаил [24] тағы да басқа сарапшылардың тұжырымдары негізсіз емес.

Сәләфизм идеологиясы Қазақстандағы дәстүрлі исламдық бағыттар мен ұлттық құндылықтарға қайшы келіп, қоғамдағы діни тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Бұл ағымның өкілдері дәстүрлі ислам мектептерін жоққа шығарып, басқа мазхабтарды адасушылықпен айыптайды.

Кейбір сарапшылардың сәләфизмді байсалды және радикалды деп бөлу шартты ғана, себебі екі топтың да идеологиялық негіздері мен діни сенімдері бір. Уақыт өте келе «байсалды» сәләфилердің радикалдануы мүмкін екені де назардан тыс қалмауы керек [25]. Бұл ағымның жаңа тармағы – «суруриттер» де қауіпті, өйткені олар өз сенімдерін жасырын ұстап, радикалдану қаупін тудырады [26].

Қорытынды

Қазақстандық сарапшылар тұжырымдарын талдау барысында біз бірнеше негізгі аспектілерді атап өтеміз: Бірінші, дәстүрлі ислам діні мен радикалды ағымдардың қайшылығы. Исламның «бейбітшілік» дін ретіндегі мәніне, радикалды діни топтардың әрекеттері қайшы келеді. Себебі дәстүрлі Ислам дінінде зорлық-зомбылыққа, экстремизмге жол берілмейді. Екінші, жастардың радикалды ағымдарға тартылу себептері діни сауатсыздық, әлеуметтік және материалдық қиындықтар. Бұл шындыққа сәйкес келетін факторлар: діни сауатсыздық, экономикалық қиындықтар мен әлеуметтік мәселелер. Үшінші, радикалды топтардың жастарды психологиялық тұрғыдан қысым көрсету арқылы өз қатарларына тартатыны және оларды идеологиялық трансформацияға ұшыратуы [27, 32]. Бұл идея шынайы мысалдармен дәлелденеді. Радикалды ағымдардың өкілдері жасөспірімдер мен жастарға қарапайым әрі түсінікті діни концепциялар ұсынып, олардың сыни ойлауын төмендетеді, қоғамнан оқшаулануына әкеледі. Төртінші, әлеуметтік желілер және радикалды насихат. Интернет пен әлеуметтік желілерді (Facebook, Twitter, Instagram, TikTok) белсенді қолдану арқылы жасырын насихат жасау радикалды идеологияны кең таратуға мүмкіндік береді [28, 33]. Оған әлеуметтік желілер арқылы біліктілікті аттыру, тіл үйрену, өзін-өзі дамыту курстарына, тренингке қатысып алдау-арбауға түскен жастардың радикалды идеологияларды таратып, бақылау қызметтерінің назарына іліккен фактылар дәлел болады. Бесінші, еліміздегі ислам фундаментализмі мен саяси исламның қаупі. Қазақстанда зайырлы мемлекет ұғымына қарсы болу, халифат құру идеясы ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретіні сөзсіз. Себебі радикалды топтар зайырлы мемлекеттің қағидаларын мойындамай, халифат құруды жақтайды, бұл – 120-дан астам этностың өкілдері мен 18 конфессияға тарапты дін өкілдері бар мемлекеттің тұтастығы мен әлеуметтік тұрақтылығына қауіп төндіреді.

Қазіргі қоғамдағы діннің рөлі көпқырлы әрі күрделі құбылыс. Ол интегративті қызметі арқылы қоғамды біріктіруге, мәдени құндылықтарды сақтауға және рухани тұтастықты қалыптастыруға ықпал етсе, дезинтеграциялық әсері діни қақтығыстар мен радикалды ағымдардың таралуына себеп болуы мүмкін.

Жоғарыдағы талдауды қорытындылай келе діннің қоғамдағы орны мен ықпалын басқарудың тиімді жолдарын қарастыру – Қазақстанның ішкі тұрақтылығы мен мәдени тұтастығын сақтаудың маңызды аспектілерінің бірі деген тұжырым жасауға болады. Осы бағытта жүргізілетін ғылыми зерттеулер мен мемлекеттік шаралар діннің жағымды интегративті қызметін арттыруға және дезинтеграциялық салдарын азайтуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Агаджанян А.С. Религия и теория: современные тенденции. – М, 2013. – № 3. – С. 7–31.
- 2 Борбасова Қ, Мұқан А. Дәстүрлі ислам және оның қоғамның ұлттық бірегейлігінің интеграциялық және дезинтеграциялық үдерістерінің динамикасына әсері // *ҚазҰУ. Хабаршы. Серия Дінтану*. – 2023. – №3(35). – 48-58 б.
- 3 Есім Ғ. Дін философиясы: оқу құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 90 б.
- 4 Косиченко А.Г. Возможности религии в снижении уровня вызовов и угроз современности: философско-политологический анализ / под общ. ред. З.К. Шаукуеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014. – С. 200.
- 5 Бурова Е.Е., Бижанов А.Х., Амребаев А.М. Возможности религии как основы консолидации казахстанского общества. [Электронный ресурс] URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/vozmozhnosti-religii-kak-osnovy-konsolidatsii-kazahstanskogo-obschestva/viewer>
- 6 Курманалиева А.Д., Бегалинова К.К., Асан А. Государственно-конфессиональные отношения в Казахстане: состояние и перспективы развития // *Вестник КазНУ. Серия философия. Серия культурология. Серия политология*. – 2017. – №4 (62). – С. 221-229.
- 7 Кенжетай Д. Зайырлылық және дін. [Электронный ресурс] URL: <https://zhalyn.kz/2021/08/18/%D0%B7%D0%B0%D0%B9%D1%8B%D1%80%D0%BB%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%9B-%D0%B6%D3%99%D0%BD%D0%B5-%D0%B4%D1%96%D0%BD/>
- 8 Қазақстандағы террористік актілер. 12.01.2024. [Электронный ресурс]. URL: <https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/teris-agym/qazaqstandagy-terroristik-aktiller-864/>
- 9 Нүсіпханов Т.Н., Стамбакиев Н., Шәкизада С., Илесбеков Б., Темурбаев А.С., Смагулов Н.А. «Деструктивті діни ағымның ұстанушыларын дәстүрлі құндылықтарға бейімдеуге және оңалтуға қатысты» әдістемелік құрал. – Алматы, 2022. – 248 б.
- 10 Шаукуенова З. К. Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет студегі дәстүрлі діндердің рөлі: Әдістемелік материалдар жинағы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 2011. – 245 б.
- 11 Ногойбаева Э. Центральная Азия: пространство «шелковой демократии». Ислам и государство. – Алматы, 2017. – 52 с.
- 12 Бағашаров Қ., Оспан Т., Шалабаев Қ. Діни экстремизмнің Қазақстандағы көрінісі және оның алдын алу жолдары // *Хабаршы. ҚазҰУ. Дінтану сериясы*. – 2018. – №2 (14). – 71 б.
- 13 Егоров Е.Н. Исламский радикализм в Казахстане: стратегия противодействия Научное мнение. – Санкт-Петербург. – 2014. – №6.
- 14 Абдрашев Р. М. К вопросам концепции борьбы с терроризмом в Республике Казахстан Вестник Сибирского юридического института ФСКН России. – Красноярск. – 2014. – №1 (14).

15 Исахан М. Сәләфизм қашан пайда болды, Қазақстанға қалай келді? // [Электронный ресурс]. URL: <https://qamshy.kz/kz/article/12240-salafizm-qashan-payda-boldy-qazaqstangha-qalay-keldi>

16 Қайыркен А. Қазақстанда радикалдық ислам бағытындағы ағымдардың кең таралуы [Электронный ресурс]. URL: <https://kazislam.kz/2013/10/eislam-564/>

17 Сімәділ Қ. Діни радикалдар және имам уағызы. [Электронный ресурс]. URL: <https://qazaqadebieti.kz/7239/dini-radikal-dar-zh-ne-imam-ua-yzy>

18 Нүсіпхан Т. Дерадикализация бағыты бойынша Түркияда өткен алғашқы халықаралық семинарымыздың берері көп болды. [Электронный ресурс]. URL: <https://kz.ctcrk.kz/2022/08/15/%D1%82-%D0%BD%D2%AF%D1%81%D1%96%D0%BF%D1%85%D0%B0%D0%BD-%D0%B4%D0%B5%D1%80%D0%B0%D0%B4%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D0%B8%D0%B7%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F-%D0%B1%D0%B0%D2%93%D1%8B%D1%82%D1%8B-%D0%B1%D0%BE/>

19 Базарбаева Г.А. Жат діндердің құрсауындағы жастар көп // Дін және қазіргі заман. – Екінші басылым. – Астана. – 2014. – 140 б.

20 Байтенова Н.Ж., Жетпісбай Н. Фанатизм түсінігі, мәні мен ерекшеліктері (жалпы фанатизм, радикализм, фундаментализм, экстремизм, терроризм түсініктерінің ара жігін айқындау) // *Адам әлемі*. – 2021. – №1 (87). – 124-138 б.

21 Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы. Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы N 1128-XII Заңы // [Электронный ресурс] URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920004000_

22 Поляков К.И. Исламский экстремизм в Центральной Азии. – М.: Институт востоковедения РАН. – 2014. – С. 136.

23 Список экстремистских и террористических организаций, запрещенных по решению суда на территории Республики Казахстан. [Электронный ресурс] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/antiterrostiticheskiy-centr/documents/details/399315?lang=ru>

24 Карин Е. Солдаты Халифата: Мифы и реальность. – Алматы: Власть, 2014. – 173 с.; ЗатовҚ., Исмаил Н. Қазіргі заманғы радикалдық идеялармен әрекеттердің қайнарларымен себептері // *Адам әлемі*. – 2016. – №2(68). – 124-136 б. Исаулы М: Такфиристы не хотят мирной жизни. [Электронный ресурс] URL: <https://e-islam.kz/ru/interview/item/6162-mukhiddin-isauly-takfiristy-ne-khotyat-mirnojzhizni/>

25 Шокай Е. Дін мен діл. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.facebook.com/photo.php?fbid=1222773484765017&id=420449948330712&set=a.438420049867035>

26 Айтаев И. Псевдосәләфилер бағытындағы Суруриттер деген кімдер? // [Электронный ресурс]. URL: <https://kazislam.kz/2024/11/psevdosalafil-er-baghytyndaghy-suriritter-degen-kimder/>

27 Байтенова Н.Ж., Нуршанов А.А. Новые исламистские течения в современном мире: идеологические проекты и политическая деятельность // *Вестник. Серия философия. Серия культурология. Серия политология*. – 2018. – No2 (64). – 143 с.

28 Интернет- кеңістігіндегі дін және жастар. Ұжымдық монография. Алматы: Қазақ университеті. – 2021. – 146 б.

Transliteration

1 Agadzhanjan A.S. Religija i teorija: sovremennye tendencii [Religion and theory: current trends]. – М, 2013. – № 3. – С. 7–31.

2 Borbasova Q. Mukan A. Dasturli islam zhane onyn qogamnyn ulttyq biregejliginin integracijalyq zhane dezintegracijalyq uderisterinin dinamikasya aseri // *QazUU. Habarshy. Serija Dintanu*. – 2023. – №3(35). – 48-58 б.

- 3 Esim G. Din filosofijasy [Philosophy of religion]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2018. –90 b.
- 4 Kosichenko A.G. Vozmozhnosti religii v snizhenii urovnja vyzovov i ugroz sovremennosti: filosofsko-politologicheskij analiz / pod obshh. red. Z.K. Shaukenovoj [The possibilities of religion as the basis for the consolidation of Kazakh society]. – Almaty: IFPR KN MON RK, 2014. – S. 200.
- 5 Burova E.E., Bizhanov A.H., Amrebaev A.M. Vozmozhnosti religii kak osnovy konsolidacii kazahstanskogo obshhestva [The possibility of religious consolidation as the basis of the consolidation of the Kazakh society]. [Elektronnyj resurs] URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/vozmozhnosti-religii-kak-osnovy-konsolidatsii-kazahstanskogo-obschestva/viewer>
- 6 Kurmanalieva A.D., Begalinova K.K., Asan A. Gosudarstvenno-konfessional'nye otnosheniya v kazahstane: sostojanie i perspektivy razvitiya [State-confessional relations in Kazakhstan: the state and prospects of development] // *Vestnik.KazNU. Seriya filosofija. Seriya kul'turologiya. Seriya politologiya*. – 2017. – №4 (62). – C. 221-229
- 7 Kenzhetaj D. Zajrlylyk zhane din [Secularism and religion]. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://zhaly.kz/2021/08/18/%D0%B7%D0%B0%D0%B9%D1%8B%D1%80%D0%BB%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%9B-%D0%B6%D3%99%D0%BD%D0%B5-%D0%B4%D1%96%D0%BD/>
- 8 Qazaqstandagy terroristik aktiler [Terrorist attacks in Kazakhstan] 12.01.2024. [Elektronnyj resurs] URL: <https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/teris-agym/qazaqstandagy-terroristik-aktiler-864/>
- 9 Nusiphanov T.N., Stambakiev N., Shakizada S., Ilesbekov B., Temurbaev A.S., Smagulov N.A. Destruktivti dini agymnyn ustanushylaryn dasturli qundylyqtarga bejimdeuge zhane onaltuga qatysty. [Methodological manual “On adaptation and rehabilitation of adherents of destructive religious movements to traditional values”]. – Almaty, 2022. – 248 b.
- 10 Shaukenova Z.K. Jekstremizm men terrorizmge qarsy areket etudegi dastyrlı dinderdin roli [The role of traditional religions in countering extremism and terrorism]. – Almaty: Filosofija zhane sajasattanu instituty, 2011. – 245 b.
- 11 Nogojbaeva Je. Central'naja Azija: prostranstvo «shelkovoј demokratii». Islam i gosudarstvo [Asia, Central Asia. “The space of silk democracy.” Islam and the state]. – Almaty, 2017. – 52 s.
- 12 Bagasharov Q., Ospan T., Shalabaev Q. Dini jekstremizmnin Qazaqstandagy korinisi zhane onyn aldyn alu zholdary [Manifestation of religious extremism in Kazakhstan and ways of its prevention] // *Habarshy. QazNU. Dintanu serijasy*. – 2018. – №2 (14). – 71 b.
- 13 Egorov E.N. Islamskij radikalizm v Kazahstane: strategiya protivodejstvija Nauchnoe mnenie [Islamic radicalism in Kazakhstan: strategy of counteraction scientific explanation]. – Cankt-Peterburg. -2014. – №6.
- 14 Abdrashev R. M. K voprosam koncepcii bor'by s terrorizmom v Respublike Kazakhstan [Issues of the concept of terrorism in the Republic of Kazakhstan] // *Vestnik Sibirskogo juridicheskogo instituta FSKN Rossii*. – Krasnojarsk. – 2014. – №1 (14).
- 15 Isaham M. Salafizm qashan pajda boldy, Qazaqstanga qalai keldi? [When did Salafism appear, How did it come to Kazakhstan?]. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://qamshy.kz/kz/article/12240-salafizm-qashan-payda-boldy-qazaqstangha-qalay-keldi>
- 16 Qajyrken A. Qazaqstanda radikaldyq islam bagytyndagy agymdardyn ken taraluy [Prevalence of radical Islamic trends in Kazakhstan]. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://kazislam.kz/2013/10/eislam-564/>
- 17 Simadil Q. Dini radikalдар zhane imam uagyzy. [religious radicals and Imam sermons]. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://qazaqadebieti.kz/7239/dini-radikalдар-zh-ne-imam-ua-yzy>
- 18 Nusiphan T. Deradikalizacija bagyty boјynsha Turkiyada otken algashqy halyqaralyq seminarymyzdynbereri kop boldy [Our first international seminar on deradicalization in Turkey had a lot to offer]. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://kz.ctcrk>

kz/2022/08/15/%D1%82-%D0%BD%D2%AF%D1%81%D1%96%D0%BF%D1%85%D0%B0%D0%BD-%D0%B4%D0%B5%D1%80%D0%B0%D0%B4%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D0%B8%D0%B7%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F-%D0%B1%D0%B0%D2%93%D1%8B%D1%82%D1%8B-%D0%B1%D0%BE/

19 Bazarbaeva G.A. Zhat dinderdinqursauyndagy zhastar kop [A lot of young people in the clutches of foreign religions]. Din zhane qazirgi zaman. – Astana. – 2014. – 140 b.

20 Baitenova N.Zh., Zhetpisbai N. Fanatizm tusinigi, mani men erekshelekteri (zhalpy fanatizm, radikalizm, fundamentalizm, jekstremizm, terrorism tysinikeriniń ara zhigin ajqyndau) [The concept, essence and features of fanaticism (defining the relationship between the concepts of fanaticism, radicalism, fundamentalism, extremism, terrorism in general)] // Adam alemi. – 2021. – №1 (87). – 124-138 b.

21 Dini senim bostandygy zhane dini birlestikter turali. Qazaqstan Respublikasynyn1992 zhylygy Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated January 15, 1992 No. 1128-XII]. [Jelektronnyj resurs]. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920004000_

22 Poljakov K.I. Islamskij ekstremizm v Central'noj Azii [Islamic extremism in Central Asia]. – M.: Institut vostokovedeniya. – 2014. – S.136.

23 Spisok jekstremistskih i terroristicheskikh organizacij, zapreshennyh po resheniju suda na territorii Respubliki Kazahstan [Spisok of extremist and terrorist organizations, captured on the water on the territory of the Republic of Kazakhstan]. [Jelektronnyj resurs]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/antiterrosticheskiy-centr/documents/details/399315?lang=ru>

24 Karin E. Soldaty Halifata: Mify i real'nost' [Soldier Of The Caliphate: myths and realities]. – Almaty: Vlast', 2014. – 173 s.; Zatov Q., Ismail N. Qazirgi zamangy radikaldyq idealar men areketterdin qainarlary men sebepteri [Sources and causes of modern radical ideas and actions] // Adam alemi. – 2016. – №2 (68). – 124-136 b.

25 Shoqaj E. Din men dil [Religion and mentality]. [Jelektronnyj resurs]. URL: <https://www.facebook.com/photo.php?fbid=1222773484765017&id=420449948330712&set=a.438420049867035>

26 Aitaev I. Pseudosalafiler bagytyndagy Sururitter degen kimder? [Who are Sururites in the direction of Pseudosalafi?]. [Jelektronnyj resurs]. URL: <https://kazislam.kz/2024/11/pseudosalafiler-baghytyndaghy-suriritter-degen-kimder/>

27 Bajtenova N.Zh., Nurshanov A.A. Novye islamistskie techeniya v sovremennom mire: ideologicheskie proekty i politicheskaja dejatel'nost' // Vestnik. Seriya filosofiya. Seriya kul'turologiya. Seriya politologiya. – 2018. – No2 (64). – 143 c.

28 Internet-kenistigindegi din zhəne zhastar. Uzhymdyq monografia [Religion and youth in the internet space. Coll. monograph]. – Almaty: QazaQ universiteti, 2021, – 146 b.

Борбасова К.М., Мукан А., Мукан Н., Аманкул Т.

Теоретические и практические аспекты интегративной и дезинтегративной функции религии

Аннотация. В статье рассматриваются интегративные и дезинтеграционные функции религии в контексте её влияния на процессы социального и личностного развития. Теоретический аспект охватывает исследования учёных, анализировавших религию как социальный институт, способный объединять или разделять людей в зависимости от конкретных условий и целей. Практический аспект отражается в исследованиях, посвящённых конкретным социальным, культурным и политическим процессам, связанным с деятельностью религий в Казахстане.

Основная цель исследования – анализ роли религии в процессах укрепления социальных связей и фрагментации общества, а также оценка её места и влияния в современном казахстанском обществе. Задачи исследования: теоретический анализ роли религии в

социальной интеграции и дезинтеграции; определение места религиозных традиций Казахстана в формировании национальной идентичности и межкультурных связей; предложение путей эффективного управления влиянием религии на общественную жизнь.

В статье на основе феноменологии религии рассматриваются факторы, способствующие укреплению единства в обществе и обострению социальных конфликтов. Авторы статьи, опираясь на труды ученых, исследовавших религиозную ситуацию в Казахстане, рассматривают значение религиозных организаций в социальных и культурных процессах. Кроме того, раскрывается влияние религиозных убеждений на национальную идентичность, влияние религиозного плюрализма на межкультурные отношения, а также причины конфликтов на религиозной почве. Результаты исследования показывают двойственную роль религии в казахстанском обществе: с одной стороны, она способствует укреплению национального единства и сохранению духовных ценностей, с другой – может порождать религиозные разногласия и риск радикализации. Авторы предлагают разработать комплекс научных и правовых мер для усиления позитивного влияния религии и минимизации её деструктивных последствий.

Ключевые слова: религиозные теории, религия, общество, Казахстан, культура, традиция, религиозный климат, псевдоислам.

Borbassova K.M., Mukan A., Mukan N., Amankul T.

Theoretical and Practical Aspects of The Integrative and Disintegrative Function of Religion

Annotation. The article examines the integrative and disintegrative functions of religion in the context of its influence on the processes of social and personal development. The theoretical aspect covers the research of scientists who analyzed religion as a social institution capable of uniting or dividing people depending on specific conditions and goals. The practical aspect is reflected in studies dedicated to specific social, cultural and political processes related to the activity of religions in Kazakhstan.

The main purpose of the research is to analyze the role of religion in the processes of strengthening social ties and fragmentation of society, as well as to evaluate its place and influence in modern Kazakh society. Research tasks: theoretical analysis of the role of religion in social integration and disintegration; determination of the place of religious traditions of Kazakhstan in the formation of national identity and intercultural ties; proposal of ways of effective management of the influence of religion on public life.

Factors contributing to the strengthening of unity in society and exacerbation of social conflicts are considered in the article based on the phenomenology of religion. The authors of the article, relying on the work of scientists who studied the religious situation in Kazakhstan, consider the importance of religious organizations in social and cultural processes. In addition, the influence of religious beliefs on national identity, the influence of religious pluralism on intercultural relations, and the causes of conflicts on religious grounds are revealed. The results of the study show the dual role of religion in Kazakh society: on the one hand, it contributes to the strengthening of national unity and the preservation of spiritual values, on the other hand, it can create religious differences and the risk of radicalization. The author suggests developing a complex of scientific and legal measures to increase the positive influence of religion and minimize its destructive consequences.

Key words: religious theories, religion, society, Kazakhstan, culture, tradition, ,religious climate, pseudo-Islam.

Келін түсті 17.03.2025

Қабылданды 01.06.2025

ИСЛАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ӘДІЛЕТТІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ*

¹Карибаев О.О. *, ²Симтиков Ж.Қ.

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)

¹ol1188zhas@mail.ru, ²zhomart-67@mail.ru

¹Karibayev O. *, ²Simtikov Zh.

^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

¹ol1188zhas@mail.ru, ²zhomart-67@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада Исламның қоғамның экономикалық, әлеуметтік және саяси ұйымына және жеке тұлғаның рухани қалыптасуына қатынасы қарастырылған. Исламдық принциптер мен ілімдер әділеттілік, ынтымақтастық және ұжымдық жауапкершілік құндылықтарын қоса алғанда, әлеуметтік құрылымның негіздерін қалай қалыптастыратыны жан-жақты қарастырылады. Экономикалық салада ислам экономикасының тұжырымдамалары, нарықты ұйымдастыруға және ресурстарды бөлуге әсер ететін әділ сауда және әлеуметтік жауапкершілік принциптері талданады. Дәстүрлі ислам ілімдері мен экономикадағы, әлеуметтік саясаттағы және мемлекеттік биліктегі заманауи тәсілдердің өзара әрекеттесуіне ерекше назар аударылады және оның қазіргі тарихи кезеңдегі маңыздылығы байыпталады.

Кілт сөздер: ислам, мораль, нарық, әлеумет, құндылық, әділеттілік, капитал, тұлға, руханият, мемлекеттік билік.

Kipicne

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда тарихи үдерістің ең маңызды әрі жеке қарастырылуы тиіс мәселесі – тарихи субъектіліктердің арасында көп жағдайда бейбітшіліктің болмауы. Демек, саяси қатынастардың адам мүддесіне сәйкес келмей жататын жағдайы рухани әлемді әлсіретіп отырды. Қазіргі қоғам адам материалдық прогресс тұрғысынан жоғары деңгейге жетті және бұл прогресс ғылым мен технологиялардың дамуына тікелей байланысты болды. Адамзаттың түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ғылым мен технологиялар шексіз жылдамдықпен дамып келеді. Табысқа жеткен қоғамдар қазіргі әлемнің ғылыми жетістіктерінен әлдеқайда көбірек пайда көріп отыр. Дегенмен, прогрестің жарығы әлемнің ең қараңғы бұрыштарына да жетіп, сол жерлерде адамдар әлі күнге дейін өткен дәуірдің әсерімен өмір сүріп келеді.

Кез келген қоғамда адамның қалыптасуы күрделі мәселе, дегенменоның өмірі тек бақыт пен қанағатпен ғана өмір сүруден тұрмайды. Ол құбылыстық, танымдық деңгейде қарама-қайшылықтардан да тұрады. Мысалы, қоғамда

* Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылған (Грант AP19677167 «Қоғамның тұтастанған қайта пішімделуі жағдайында тұлғаның рухани қалыптасу мәселелері»).

психологиялық сипаттағы уайымдар, қорқыныш, алаңдаушылықтар артуда, болашаққа деген сенімсіздік бар және қоғамымыз қордалаған өткеннің мұрасына деген наразылық та күшеюде. Міне, біздің қоғамымызда туындаған ең өзекті мәселелердің кейбірі осындай. Бұл өз кезегінде адамда жастар ұрпағының ойлау тәсілінде терең тамырланған дүниетанымдық, құндылықтық қанағаттанбаушылықты тудырады.

Қазіргі діндердің жағдайын зерттей отырып, сенім мәселелерінде парадоксалды жағдай байқалатынын көзден таса етуге болмайды. Жалпы алғанда, дін өзінің ықпалын жоғалтып бара жатқанымен, сонымен бірге өмірдің әртүрлі салаларында оның өзіндік әсері күшейіп келеді. Қоғамның кейбір бөліктерінде және дерлік барлық діндерде орта ғасырлардағы каталдық пен басқа пікірлерге төзбеушілікке толы діни догмаларға қайта оралуға деген қуатты ұмтылысты көре аламыз.

Моральдық тұрғыдан алғанда дін өз позицияларын бірте-бірте жоғалтуда және оған негіз болатын факторлар төмендегідей: қылмыстың көріністері замаанауи қоғамда барлық жерде кең таралуда; кейбір әлеуметтік орталарда адамдардың теңдігі мен әділеттілікті жүзеге асыру құлдырау шегіне жетіп тұр; қоғамдағы әлеуметтік міндеттер еленбей, эгоистік индивидуализм күш алып, тіпті басқа тұрғыдан алғанда өзін діндар деп жариялайтын елдерде де орын алуда. Өкінішке орай, осы және қоғамның моральдық құлдырауын көрсететін басқа да көптеген қоғамдық зұлымдықтар енді қарапайым әдеттегі құбылысқа айналды. Екінші жағынан, ұзақ тоқырау мен шабыттандыратын дамудың жоқтығы діндар адамдар арасында жауыр болуды тудырады. Олардың күтетін ғажайыптар болмайды.

Әлемдік оқиғаларға тылсым күштердің араласуының оғаш құбылысы, сол арқылы әлем өзгеріп, бұл адамдардың пайдасына бұрылуы, ешқашан жүзеге аспайды. Олар түсініксіз болжаулардың орындалуын, сенімдерінің нығаюын қалайды. Алайда, олар сенгендей ештеңе кереметтер болмайды. Мұндай адамдар жаңадан пайда болатын культтердің пайда болуына негіз болады, олар өздерінің жеке қиялдарының топырағында өрбиді. Өткеннің тырнағынан құтылу қажеттілігі ішкі бос орынды жаңа нәрсемен толтыруға деген ұмтылысты туғызады [1, 22 б.].

Барлық осы бұзушы тенденцияларға қосымша, бүгінгі таңда әлемге қауіпті тағы бір өте алаңдататын құбылыс бар, ол, бәлкім, діни догмалардың жаңғыруына ұқсас нәрсе. Әрбір жаңа күн шығуымен бірге пікірлердің еркін алмасуы мен діндер арасындағы ашық диалог үшін қауіпті болатын тұншықтыратын атмосфера күшейіп келеді. Бұдан басқа, түрлі діндер арасындағы тарихи бәсекелестік пен қақтығыстар да өз рөлін ойнайды.

Ислам осы барлық мәселелерді жеке-жеке шешуге қабілетті, ол адамның барлық талаптары бен қажеттіліктерін толық қанағаттандыра алады. Ең жақсы өзара түсіністікке қол жеткізу үшін, әрі қарай мәселе әртүрлі категорияларға бөлінеді.

«Ислам» сөзі тура мағынасында «бейбітшілік» дегенді білдіреді. Бұл сөзде барлық Ислам ілімдері әлемге қатысты ең ғажайып түрде бейнеленген. Ислам – бейбітшілік пен тыныштық діні. Оның ілімдері адамзатқа барлық адамзат мүдделері мен ұмтылыстарының салаларында бейбітшілікті қамтамасыз етуге кепілдік береді.

Қазіргі әлем Ислам ілімінен бірнеше салада қажетті инструкцияны басшылыққа ала алады:

1. Діндер арасындағы бейбітшілік пен үйлесім.
2. Әлеуметтік мәселелерде жалпы бейбітшілік.
3. Әлеуметтік-экономикалық мәселелерде бейбітшілік.
4. Экономика саласындағы бейбітшілік.
5. Ішкі және сыртқы саясаттағы бейбітшілік.
6. Адамның өзімен бейбітшілік [1,18 б.].

Әлемде бейбітшілікті орнатуға дін көмек көрсететін болу үшін, бұл дін, адамзаттың бірлігін түпкілікті орнатуға әмбебап мүмкіндіктерге ие болған жағдайда, әмбебаптылық концепциясын қабылдауы қажет. Яғни, барлық адамдар, тері түсі, нәсілі немесе географиялық орналасқан жеріне қарамастан, бір Жаратушының туындылары болып табылады. Сондықтан олар Құдайдың басшылығына тең құқыққа ие, егер осындай басшылық адамзатқа берілген болса. Мұндай көзқарас қазіргі уақытта бар діндердің ешқайсысының ақиқатқа монополия жасау ұғымын жоққа шығарады.

Зерттеу әдіснамасы

Мәтіндік талдау: қоғамдық қатынастарды реттейтін принциптерді анықтау мақсатында Ислам ғалымдарының еңбектерін талдау. Тарихи-аналитикалық тәсіл: әлеуметтік, экономикалық және саяси құрылымдағы өзгерістерді анықтау үшін ол өзгерістерге Ислам жүйесін қарастыру. Салыстырмалы талдау: қоғамның әлеуметтік, экономикалық және саяси құрылымы контекстінде оларды исламдық жүйелермен салыстыру. Жүйелік тәсіл: ислам принциптерінің қоғамдағы әртүрлі құрылымдардың жұмысына әсерін және олардың өзара байланысын талдау.

Діни құндылықтар тартымдылығы туралы

Ежелден бері көптеген философтар адамзаттың бір үлкен отбасы ретінде біртұтас ту астында жиналатын сәт туралы армандайтын. Адамзаттың бірлігін қалыптастыру туралы түсінік тек саяси ойшылдармен ғана емес, сонымен қатар экономистер мен әлеуметтанушылар да бірдей зерттеді. Юрген Хабермас – демократиялық бейбітшілік пен ғаламдық этика мәселелерімен айналысты. Ол диалог пен өзара әрекеттесу үшін біртұтас дүниежүзілік кеңістік құру туралы сұрақтарды көтерді. Жан-Жак Руссо – әлеуметтік үйлесім мен халықтың бірлігін қамтамасыз ететін жалпыадамзаттық келісім құру идеяларын қарастырды. Эмиль Дюркгейм қоғамдағы әлеуметтік бірлік пен ынтымақтастық мәселелеріне көңіл бөлді. Оның әлеуметтік бірліктің дамуы туралы жұмыстары адамдарды біріктіретін нормалар мен құндылықтар арқылы микро деңгейде кеңірек бірлікке қалай қол жеткізуге болатынына қатысты сұрақтарды қамтиды [2, 79 б.].

Егер екі, үш немесе төрт қуатты дін, көптеген ғасырлық тарихи дәстүрлерге ие болып, бір уақытта өз сенімдерінің әмбебаптығына талап қойса, бұл барлық адамдардың санасында әлем бойынша ғажайып таңданыс пен сенімсіздікті тудырмай ма? Олардың өзара бәсекелестігі мен үстемдік үшін күресі әлемдегі

бейбітшілікке нақты және маңызды қауіп тудырмай ма? Мұндай ғаламдық діни ұмтылыстар өздері-ақ терең алаңдаушылық туғызатын мәселе. Алайда, егер осы ұмтылыстарға жауапсыз, фанатик және төзімсіз діни жетекшілердің қолына түсу қауіпін қосатын болсақ, онда осыған байланысты туындайтын қауіптің бірнеше есе артып, тек теориялық тұрғыдан емес, нақты өмірде орын алу ықтималдығы жоғары екендігін түсінеміз.

Ислам жағдайында, өкінішке орай, Исламның тек өзінің идеологиясын тарату үшін әртүрлі зорлық-зомбылықты насихаттайтыны туралы кең тараған пікірлер бар. Мұндай көзқарастар тек Исламның қарсыластары тарапынан ғана емес, сонымен қатар ортағасырлық категориялармен ойлайтын мұсылмандық «діни қызметкерлерден» де шығуда. Айқын болғандай, егер бір дін агрессия жолын тандаса, қалғандары өзін-өзі қорғауға құқықты болып, сол құралдармен әрекет етуге мәжбүр болады. Әрине, Исламның ұстанымы «діни қызметкерлердің» пікіріне сәйкес келмейді және Исламның өз идеологиясын тарату үшін зорлық-зомбылық қолдануды ақтайтынына қатаң қарсы.

Қасиетті Құранда мұсылмандар ғана емес, олар басқа діндердің ізбасарларын әділдік пен әділдікке шақырып қана қоймай, шындықты берік ұстанады деп біржақты түрде айтылады [3, 376 б.].

Бүгінгі таңда өзара қарым-қатынастарын жақсарту үшін Барлық діндер осындай бағыттағы көзқарасты қабылдағаны орынды. Діни бейбітшілікке тек басқа діндерге жататын адамдарға деген кеңпейіл, адамгершілік түсінікпен қарау сияқты көзқарастарды қалыптастыру арқылы ғана қол жеткізуге болады. Адам тұлғасының рухани қалыптасуы осы мағынада маңызды.

Өкінішке орай, діннің адамзаттың моральдық мінез-құлқына әсері қазіргі қоғамда өте тез жоғалып барады. Қоғам діннің міндетінен азат болуға ұмтылып, бұл жағдай қазіргі әлемде дерлік барлық жерде байқалуда. Алайда, бұл жағдаймен қатар, өткеннің діни және этикалық қағидаларына құрметсіздікпен бірге, қауіпсіздік сезімінің азаюы мен әлеуметтік мінез-құлықтың аласапырандығын туғызған дүрбелең де байқалады.

